

ШЕТ ШҰҒЫЛАСЫ



Handwritten signature or name.

Шет аудандық қоғамдық-саяси газеті | Газет 1937 жылдан бастап шығады | Бейсенбі, 3 наурыз 2016 жыл №09 (10 578)

АНАЛАР - АСЫЛ ЖАНДАР, АРДАҚТЫЛАР, ӨМІРДІ БІР-БІРІНЕ ЖАЛҒАП ТҰРАР!

Қазақтың қыздары

Жақсыны таныр болар жағасынан
Алып та туар деген анасынан.
Қазақтың қарапайым қызы барда,
Тұрады бұрылып би,
Жарасып ән.

Көп елдің қатардағы оза білген,
Қазаққа көп қасиет қона білген.
Тарихтан аналардың арқасында,
Бұл қазақ қарын бөле бола білген.

Мәншүктей,
Әлиядай жау жайратқан,
Арулар аз болмаған қылар мақтан.
Кешегі Айғаным мен Ұлпан ана,
Айта алған алқа топта билік,
тоқтам.

Ананы атамаған ер деп тегін,
Қыздарсыз желбіремес алау көгің.
Желбуаз желтоқсанның жел өтінде,
Өрлігін арулардың көрмеп пе едің?

Қыздары ерге пана, елге қорған
Ұрпағын тайдырмаған сара жолдан.
Мінезі қарапайым қазағымның,
Айналым қыздарымнан,
Ана болған!

МАРАТ ШӘЙКЕ,
ақын.



АРДАҚТЫ АНАЛАР, АЯУЛЫ ҚЫЗ-КЕЛІНШЕКТЕР!

Сіздерді көгілдір көктемнің тамаша мерекесі 8-наурыз Халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймыз!
Тіршіліктің тірегі, өлемдегі ізгіліктің алтын белгісі, әр шаңырақтың құт-берекесі, жарық дүниедегі әсемдік пен сұлулықтың тәңірісі әйелдерге жетер жер бетінде еш байлық жоқ.

Елбасы Н.Назарбаев: "Қоғамның дамуы барысын өмірде - нәзік, көңілде - биік, ал істе мығым әйелдер қауымынсыз көзге елестету мүмкін емес" - деп атап өткен болатын.

Елімізде әйелдердің құқығын қорғау мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Қазіргі жоғары технология мен бизнес заманында әйелдер ерлер тәрізді экономика мен саясатта сенімді қадамдар жасауда. Ауданымызда басшылық қасиеті бар, білімі жоғары әйел аналар көп. Солардың арасында әртүрлі саладағы мекеме басшылары, кәсіпкерлер бар. Ұлттық мәдениетті дамытуға олар көп үлес қосып келеді. Еліміздің өркендеуіне өз еңбегімен үлес қосып жатқан барлық әйел-аналарға көктемнің осынау жарқын мерекесінде жаңа табыстар мен жетістіктер тілейміз.

Әйелдердің мейірімі мен махаббаты, қайырымдылығы қашанда қиындықтарды жеңіп, қоғамда жоғары моральдық құндылықтарды сақтауға әсер етіп, түрлі ұлттар мен ұрпақ арасында келісімді нығайтуға әсер етуде. Өмірде қиындықтарды жеңуде Сіздердің сенімдеріңіз бен шыдамдылықтарыңыз терең құрмет пен ризашылыққа тән. Сіздердің жүректеріңіздің жылылығы, бізді бақытты етуге ұмтылыстарыңыз үшін Сіздерге зор ризашылық білдіреміз.

Осы бір көктем мерекесі күні баршаңызға зор бақыт, жарқын махаббат, мәңгі жастық, денсаулық және еңбекте табыс тілейміз!

Р.ӘБДІКЕРОВ,
аудан әкімі.

Ә.СМАҒҰЛҰЛЫ,
аудандық Мәслихаттың
хатшысы.

Салтанатты жиын

КӨП ҰЛТТЫ ЕЛДІҢ ПЕЙІЛІМЕН ҮНДЕС МЕРЕКЕ

Күрделі де небір асуларды
иық тіресе бірге еңсеріп, қысқа

1 наурыз - Алғыс айту күні
Қазақстан Республикасы Тәу-

ген қуаныш пен шаттық сыйлайтын Алғыс айту күні мен Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына арналған іс-шаралардың бастау алу күні құтты болсын деп мерекелік шараны бастап кетті.

Сахна төріне аудан әкімінің орынбасары А.Әбілдин шығып, жиналған көпшілікті осы атаулы мерекемен құттықтады.

Мұнан соң кезек марапаттауға берілді. Аудан әкімінің алғыс хатымен Ақадыр кентінің әкімі Сембаев Ағзам Қараханұлы, жеке кәсіпкер Дайырова Күләш Қабылдақызы, Ақадыр кенті әкімдігінің бас маманы Бисмакова Орал Тапалқызы, Ш.Бейсекқызы атындағы мәдени-сауық орталығының директоры Бесимов Нұржан Тұрсынұлы, әскери есеп столының маманы Клименко Любовь Александровна, С.Сейфуллин атындағы кітапхана меңгерушісі

Әлімжанова Лена Рамазанқызы марапатталды.

Мерекелік жиында өзге ұлт өкілі атынан Анна Термякова сөз сөйлеп, бұл мереке елдің қамын ойлаған Елбасының ортақ шаңырақ астындағы барша Қазақстан халқына жасаған ерекше сыйы, өз басым ұлттар арасындағы өзара достық сезім

одан әрі нығая береді деген сенімдемін деп, ағынан жарылды.

Салтанатты жиын соны осы мерекеге арнайы келген Осакаровка ауданы мектеп-интернаты жанынан құрылған "Арман-би" ансамблінің концерттік бағдарламасына ұласты.

Берік БЕРГЕНҰЛЫ.



мерзім ішінде Елбасы басшылығымен Тәуелсіз Қазақстанды құру жолында аянбай тер төккен еліміздің барлық азаматтарының бір-біріне құрмет білдіретін Алғыс айту күні аудандық мәдениет үйінде салтанатты түрде аталып өтті.

елсіздігінің 25 жылдығына арналған іс-шараларды ұйымдастырудың бастау алуына арналған салтанатты жиынды мемлекеттік гимн ойналған соң жүргізушілер еліміздің күнтізбесіне енген көктемнің алғашқы мерекесімен қатар кел-





ЖЫЛЖЫМАЛЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ АВТОКЕРУЕН - ТҰРҒЫНДАР ИГІЛІГІНЕ

Елбасымыздың сарабал саясаты арқасында халықтың тұрмыстық жағдайы күннен күнге жақсаруда. Соның бір дәлелі ауданымызда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған үлкенді-кішілі іс-шаралар атқарылуда. Қазақстандықтардың денсаулығын жақсартуды көздеітін «Саламатты Қазақстан» бағдарламасы елімізде жүзеге асып жатқаны баршаға мәлім. Бұған дейін ауданымыздағы стансаларға «Саламатты Қазақстан» поезы келіп, жергілікті сыр-қаттарға ем-домдарын жасап, дәрігерлік кеңестерін берген болатын.

1 наурыз күні «Саламатты Қазақстан» жылжымалы денсаулық автокеруені ауданымызға келіп, аудан тұрғындары денсаулығына тексеріс жүргізді. Бұл топты Қарағанды облыстық денсаулық сақтау басқармасының бас маманы Анастасия Анатольевна

на Ким бастап келді. Құрамында кардиолог, акушер-гинеколог, уролог, жалпы тәжірибе дәрігері барлығы алты



мамандары келіп, ауыл тұрғындарына бір күн бойы қызмет көрсетті. Халық та ауруханаға келген білікті дәрігерлерге көрінуге көптеп жиналған. Бұл іс-шара еліміздегі Алғыс айту күніне дәлме-дәл келгендіктен аудан тұрғындары да

дәрігерлік ақыл-кеңестерін беріп жатқан ақ халатты жандарға алғыстарын білдіріп жатты.

Осы аталған іс-шара сырқаттардың дер кезінде анықталып, ем-шаралар жасауға және оларды сауықтыруға септігін тигізетіні анық. Елбасы Н.Назарбаевтың Жолдауларында әр адамның өз денсаулығына мұқият болып, салауаттылықты ұстану шарасы баса айтылған. Міне, осы бағытта еліміз бойынша денсаулық сақтау саласы мамандарының күш салуымен іргелі шаралар жүргізіліп жатқандығы соның бір айғағы.

Сондай-ақ, айта кетейік сол күні аудандық мәдениет үйінде автокеруеннің тағы бір тобы, құрамында Көші-қон қызметінің, зейнетақы тағайындау орталығының және әлеуметтік сала мамандары Ғабдолла Гүлнара Шалқарбайқызы, Құсайынов Бекжан Теміржанұлы және Тойымбеков Даулет Қазықенұлы аудан тұрғындарын қабылдап, өздерін толғандырып жүрген сауалдарына тұшымды да түсінікті жауаптарын берді. Сұрақтардың дені зейнетақы, әлеуметтік салаға қатысты болды.

М.ДӘУЛЕТБЕКҰЛЫ.

ШЕТ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМДЕРІ

18 ақпан 2016 жыл

№38/ 327

Ақсу-Аюлы ауылы

Аудандық Мәслихаттың 2014 жылғы 10 сәуірдегі XXI-сессиясының «Аудандық мәслихаттың депутаттарын сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссияларының жаңа құрамын сайлау туралы» №21/183 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» №2464 Конституциялық Заңының 10-бабы 3-тармағына және 19 бабы 6-тармағына сәйкес аудандық Мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Аудандық мәслихаттың депутаттарын сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссияларының мүшелерінің міндеттерінен босатылуына және олардың комиссия құрамынан шығуына байланысты аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 10 сәуірдегі XXI-сессиясының «Шет аудандық мәслихаттың депутаттарын сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссияларының жаңа құрамын сайлау туралы» №21/183 шешіміне қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

2. Сайлау комиссияларының құрамдарын құру жөніндегі уақытша комиссиясына (А.Садуақасов) аудандық мәслихаттың де-

путаттарын сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссияларының құрамына өзгерістер енгізу жөнінде қажетті материалдарды дайындау тапсырылсын.

3. Осы шешім аудандық «Шет Шұғыласы» газетінде ресми жариялансын.

Сессия төрағасы **Г.ҚОШҚАРБАЕВА.**

Аудандық Мәслихаттың хатшысы **А.СМАҒҰЛҰЛЫ.**

2016 жылғы 18 ақпандағы XXXVIII сессиясының № 38/327 шешіміне қосымша

Аудандық округтік сайлау комиссияларының құрамынан босатылған мүшелерінің ТІЗІМІ

№8 Ақшатау округтік сайлау комиссиясы

Тойымбеков Қайратбек
Алғазыұлы

аудандық мәслихаттың депутаттығына кандидат болып тіркелуіне байланысты

18 ақпан 2016 жыл

№38/ 328

Ақсу-Аюлы ауылы

Аудандық Мәслихаттың 2014 жылғы 10 сәуірдегі XXI-сессиясының «Аудандық учаскелік сайлау комиссияларының жаңа құрамын сайлау туралы» №21/184 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» №2464 Конституциялық Заңының 10-бабы 3-тармағына және 19 бабы 6-тармағына сәйкес аудандық Мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Аудандық учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерінің міндеттерінен босатылуына және олардың комиссия құрамынан шығуына байланысты аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 10 сәуірдегі XXI-сессиясының «Аудандық учаскелік сайлау комиссияларының жаңа құрамын сайлау туралы» №21/184 шешіміне қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

2. Сайлау комиссияларының құрамдарын құру жөніндегі уақытша комиссиясына (А.Садуақасов) аудандық учаскелік сайлау

комиссияларының құрамына өзгерістер енгізу жөнінде қажетті материалдарды дайындау тапсырылсын.

3. Осы шешім аудандық «Шет Шұғыласы» газетінде ресми жариялансын.

Сессия төрағасы **Г.ҚОШҚАРБАЕВА.**

Аудандық Мәслихаттың хатшысы **А.СМАҒҰЛҰЛЫ.**

Аудандық учаскелік сайлау комиссияларының құрамынан босатылған мүшелерінің ТІЗІМІ

№743 Ақой учаскелік сайлау комиссиясы

Сапуанұлы Серік

қайтыс болуына байланысты.

№748 Оңтүстік учаскелік сайлау комиссиясы

Айдағизова Ақмарал
Қаратаевна
Жақұлбаев Құрманбай
Рахметұлы

әкімшілік аумақтық бірліктің шегінен тыс кетуіне байланысты қайтыс болуына байланысты.

№757 Сарыарқа учаскелік сайлау комиссиясы

Ибрайбекова Айгерім
Сапаровна

міндеттерін атқарудан босату туралы өз еркімен өтініш беруіне

№758 Мойынты учаскелік сайлау комиссиясы

Джауқенова Жанна
Сериковна

міндеттерін атқарудан босату туралы өз еркімен өтініш беруіне байланысты

№769 Төменгі Қайрақты учаскелік сайлау комиссиясы

Рақишева Айнаш
Тлеуовна

міндеттерін атқарудан босату туралы өз еркімен өтініш беруіне байланысты.

Омарова Әсел
Тлегенова

міндеттерін атқарудан босату туралы өз еркімен өтініш беруіне байланысты.

№770 Өспен учаскелік сайлау комиссиясы

Тажентаев Ермек

міндеттерін атқарудан босату туралы өз еркімен өтініш беруіне байланысты

САЙЛАУШЫЛАР НАЗАРЫНА!

Аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 10 сәуірдегі XXI-сессиясының «Аудандық Мәслихаттың депутаттарын сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссияларының жаңа құрамын сайлау туралы» №21/183 шешімімен құрылған №9 Ақжал округтік сайлау комиссияларының мүшелері Маукаева Толғанай Оңғарқызы және Досқулова Роза Рымбекқызы себепті жағдайларға қатысты жеке куәліктерінде тектерін өзгертулеріне байланысты;

Маукаева Толғанай Оңғарқызының орнына Искандирова Толғанай Оңғарқызы және Досқулова Роза Рымбекқызының орнына Искакова Роза Рымбекқызы деп ауыстырылып және жазылып, оқылсын.

Аудандық мәслихат аппараты.

● Аудан әкімігіңге

Күн тәртібінде кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау

26 ақпан күні аудан әкімдігінің мәжіліс залында кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі аудандық комиссияның кезекті отырысы болып өтті. Отырысты комиссияның төрағасы, аудан әкімінің орынбасары А.Әбілдин ашып, жүргізіп отырды.

Күн тәртібіндегі Ақадыр кенттік полиция бөлімшесінің бастығы М.С.Кенжебаевтың 2016 жылдың 22 ақпанындағы №5/335 және 19 ақпанындағы №5/328 ұсынысын қарау жөнінде, хабарлама жасаған Ақадыр кенттік полиция бөлімшесінің инспекторы Гүлжан Жолғұттина және екінші мәселе «Патронаттық тәрбиеге балаларды орналастыру жоспарын талқылау туралы» ауданның білім бөлімінің әдіскері Гүлден Елубаевалар хабарлама жасады.

Ақадыр кенттік полиция бөлімшесінің инспекторы Г.Жолғұттинаның хабарламасына сәйкес Ақсарлы ауылы Айнабұлақ қыстағында тұратын Шаюпов Бейсен Бохановичпен баласы 04.03.1998 жылы туған Шаюпова Баян Бейсенқызының себепсіз сабақ босатқандығы жөнінде жауапкершілігі қаралды. Аталған азамат баласын дәрігерге қаратамын деп алып кеткен. Бала 1 ай бойы аталған қыстақта болған. Осы комиссия отырысына шақырылған баланың әкесі Б.Шаюпов не себепті баланың сабаққа қатыспағандығы жөнінде сұраған комиссия мүшелеріне мардымды жауап бере алмады. Комиссия мүшелері тұрақты тұруы үшін үй болмағандығы, баланың аурушаң екендігін ескеріп, комиссия мүшелері әкесіне келешекте баласының себепсіз сабақ босатқандығы белгілі болса, ҚР әкімшілік Кодексінің 127 бабы 1 бөлігіне сәйкес жауапкер-шілікке тартылатындығын айтып, ескерту жасады. Б.Шаюпов енді мұндай жағдай қайталанбайтынын айтып, уәдесін берді.

Осы комиссия отырысында белгілі болғандай патронаттық тәрбие арқылы бала алып, отбасында тәрбиелеймін деген азаматтар да бар екен. Хабарлама жасаған Білім бөлімінің әдіскері Г.Елубаева қазіргі уақытта бала асырап алуға қамқорлыққа-қорғаншылыққа үш ұсыныс білдірген отбасылар бар екендігін айтты. Өрине, бұл жағымды жаңалыққа шүкір дей отырып, алдағы уақытта бала асы-

рап алушылар көбейіп, балалар жылама-са екен дейміз.

Сондай-ақ, аудан әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы А.Әбілдин 2016 жылдың 18 ақпандағы өткен комиссия отырысының №4 хаттамасының орындалысына тоқталды.

Өткен комиссия отырысының күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе, үстіміздегі жылдың 1 наурызына дейін ЫАлтынсарин мектебінің 4 сынып оқушысы Совет Әділет пен 2 сынып оқушысы Совет Ақниет және даярлық сыныбының оқушысы Совет Әбілмансұрға мектеп әкімшілігі тарапынан тәлімгер бекітілуін қамтамасыз етуді, 5 наурызға дейін Ақадыр кенті бойынша есепте тұрған С.Шарыгина, А.Бычкова, т.б. жасөспірімдердің отбасылары тексеріліп, мәлімет беруді, 20 наурызға дейін Ақадыр кентінің тұрғыны 2003.1976 жылы туған Вострикова Светлана Юрьевнаның баласы 17.12.2004 жылы туған Востриков Михаил Владимировичті балалар үйіне жіберу үшін ата-аналық құқығынан айыру үшін қажетті құжаттары жинақталып, сот қарауына жолдауды, Ақадыр кенттік полиция бөлімшесінің бастығы М.С.Кенжебаевтың 2016 жылдың 19 ақпанындағы №5/328 ұсынысы бойынша 05.07.1978 жылы туған Жақанова Жұлдыз Дихановнаны 1 наурызға дейін ата-аналық құқығынан айыру жөнінде жұмыс жүргізуді, сондай-ақ, мерзімі тұрақты деп 11.12.1982 жылы туған Даутова Лаура Сериковнаға іздеу салу жұмысы жалғастырылсын. Қорытындысы заң талаптарына сәйкес комиссия төрағасына мерзімінде хабарлауды және наурыз айының 2-не дейін Ақадыр кенті бойынша есепте тұрған С.Шарыгина, О.Бычкова, т.б. жасөспірімдердің отбасылары тексеріліп, мәлімет берілсін. О.Бычкованың туу туралы куәлігін жасауға көмек көрсетілсін деген шешімге келіп, жауап қабылдады.

Отырысты қорытындылаған аудан әкімінің орынбасары А.Әбілдин патронаттық тәрбиеге балаларды аламын деуші азаматтармен әңгіме жүргізуді және қажетті құжаттарын талапқа сай рәсімдеуді, сондай-ақ, мектеп оқушылары арасында құқық бұзушылықтың алдын алуда атқарылатын істерді нақтылап, бірқатар тапсырмалар берді.

Өз тілшімізден.

ЕҢБЕК АРДАГЕРІ, КӨП БАЛАЛЫ АНАҒА АЛҒЫС АЙТТЫ

Аудан басшылары әр мереке сайын соғыс, еңбек ардагерлерін, көп балалы жанұяларға барып құттықтап, сый-сияпат жасауды дәстүрге айналдырған.

Соның тағы бір дәлелі 1 наурыз Алғыс айту күніне орай аудан әкімінің орынбасары А.Әбілдин, аудан әкімі жанындағы әйелдер ісі және отбасылық демографиялық саясат жөніндегі төрайымы Р.Төлегеновалар ұзақ жылдар аудандық партия комитетінде жемісті еңбек еткен, қазірде зейнеткер, көп балалы ана Мусина Қадisha апайдың үйіне арнайы барып, мерекемен құттықтады.

Қадisha апайдың қолынан дәм татып, дастархан басындағы емен-жарқын әңгімеде аудан әкімінің орынбасары еліміздегі оң өзгерістер жайлы және ауданымызда атқарылып жатқан істер жайлы айтып, ардагерге сый-сияпат жасады.

Өз кезегінде Қадisha апай да осынау айтулы мерекеде арнайы келіп құттықтанғаны үшін алғыс сезімін айтып, ризашылығын білдірді.

Өз тілшімізден.





15 қадам

КӘСІБИ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ - ТӨМЕНГІ ЛАУАЗЫМНАН БАСТАЛАДЫ

және одан әрі 3 айға ұзартылу мүмкіндігі бар сынақ кезеңінің қойылуы және көмек көрсету үшін тәжірибелі мамандар сапынан тәлімгерлердің бекітілуі.

Одан әрі олардың мансаптық өсуі қарапайымдатылған тәртіп бойынша ішкі конкурс негізінде жүзеге асырылады.

Ішкі конкурс өткізілгенде байқау бірінші бос жұмыс орны толтырылатын мемлекеттік органның, оның ведомстволарының мемлекеттік қызметшілері арасында өткізіледі.

Лайықты үміткерлер болмаған жағдайда, ішкі конкурс барлық мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері арасында өткізілетін болады.

Бұл жерде айта кететін бір жаңалық, ішкі конкурсқа қатысатын мемлекеттік қызметшілерге тестілеу тапсырудың қажеті жоқ. Олар тек қана өтініш және персоналды басқару қызметімен куәландырылған қызметтік тізімін тапсырады.

Егер көз-келген тұлға бұрын мемлекеттік қызметте жұмыс істеп, қызметінен кетіп қалса, бірақ кейін мемлекеттік қызметке қайта орналасқысы келетін болса, мемлекеттік қызметшілер арасында өтетін ішкі конкурсқа қатыса ала ма?

- Иә, қатыса алады, бірақ бұл тұста шектеулер бар. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңына сәйкес аталмыш тұлға жұмыстан шыққаннан соң 30 күнтізбелік күн ішінде, басқа жеке және заңды тұлғалармен еңбек қатынасына түспеген, мемлекет шекарасына аспаған жағдайда ішкі конкурс қорытындысы бойынша «Б» корпусының бос жұмыс орнына орналаса алады.

Тағы қайталап айтып кетейін, ішкі конкурсқа қатысатын үміткерлер тестілеуден өтпейді. Ішкі конкурсқа қатысу үшін тек бекітілген нысандағы өтініш пен кадр қызметімен куәландырылған қызметтік тізім тапсырады.

Демек, «Б» корпусының бос жұмыс орындарына орналасу тек конкурстық негізде жүзеге асырылатын болады ғой?

- Дәл солай. Бірақ оған қоса жаңа заң бойынша «Б» корпусының бос жұмыс орнына ауысу тәртібі бойынша орналасу мүмкіндігі қарастырылған, алайда барлық мемлекеттік қызметшілер үшін емес. Әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасу жергілікті өкілдік органдарымен тағайындау және сайлау арқылы да жүзеге асырылатын болады. Бұл норма ауылдық округ, ауыл, кент өкілдеріне қатысты.

Сонымен қатар, «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерін ротациялау тәртібі арқылы да тағайындауға рұқсат етіліп отыр. Бұл жағдайда да барлық мемлекеттік қызметшілерді емес, облыс аумағын алатын болсақ, С-0-1 және D-0-1 санаттарына жатқызылған мемлекеттік қызметшілерді ғана.

«Б» корпусының кадрлық резерві институтының жойылғанын айтып кеткенді де жөн санап отырмын.

Бұл дегеніміз, осы жылдан бастап мемлекеттік органдардың конкурстық комиссиялары үміткерлерді «Б» корпусының кадрлық резервке тіркелген адамдарды қайтеміз? Былдан бастап олар кадрлық резервтен шығарылып тасталды ма?

және одан әрі 3 айға ұзартылу мүмкіндігі бар сынақ кезеңінің қойылуы және көмек көрсету үшін тәжірибелі мамандар сапынан тәлімгерлердің бекітілуі.

Одан әрі олардың мансаптық өсуі қарапайымдатылған тәртіп бойынша ішкі конкурс негізінде жүзеге асырылады.

Ішкі конкурс өткізілгенде байқау бірінші бос жұмыс орны толтырылатын мемлекеттік органның, оның ведомстволарының мемлекеттік қызметшілері арасында өткізіледі.

Лайықты үміткерлер болмаған жағдайда, ішкі конкурс барлық мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері арасында өткізілетін болады.

Бұл жерде айта кететін бір жаңалық, ішкі конкурсқа қатысатын мемлекеттік қызметшілерге тестілеу тапсырудың қажеті жоқ. Олар тек қана өтініш және персоналды басқару қызметімен куәландырылған қызметтік тізімін тапсырады.

Егер көз-келген тұлға бұрын мемлекеттік қызметте жұмыс істеп, қызметінен кетіп қалса, бірақ кейін мемлекеттік қызметке қайта орналасқысы келетін болса, мемлекеттік қызметшілер арасында өтетін ішкі конкурсқа қатыса ала ма?

- Иә, қатыса алады, бірақ бұл тұста шектеулер бар. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңына сәйкес аталмыш тұлға жұмыстан шыққаннан соң 30 күнтізбелік күн ішінде, басқа жеке және заңды тұлғалармен еңбек қатынасына түспеген, мемлекет шекарасына аспаған жағдайда ішкі конкурс қорытындысы бойынша «Б» корпусының бос жұмыс орнына орналаса алады.

Тағы қайталап айтып кетейін, ішкі конкурсқа қатысатын үміткерлер тестілеуден өтпейді. Ішкі конкурсқа қатысу үшін тек бекітілген нысандағы өтініш пен кадр қызметімен куәландырылған қызметтік тізім тапсырады.

Демек, «Б» корпусының бос жұмыс орындарына орналасу тек конкурстық негізде жүзеге асырылатын болады ғой?

- Дәл солай. Бірақ оған қоса жаңа заң бойынша «Б» корпусының бос жұмыс орнына ауысу тәртібі бойынша орналасу мүмкіндігі қарастырылған, алайда барлық мемлекеттік қызметшілер үшін емес. Әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасу жергілікті өкілдік органдарымен тағайындау және сайлау арқылы да жүзеге асырылатын болады. Бұл норма ауылдық округ, ауыл, кент өкілдеріне қатысты.

Сонымен қатар, «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерін ротациялау тәртібі арқылы да тағайындауға рұқсат етіліп отыр. Бұл жағдайда да барлық мемлекеттік қызметшілерді емес, облыс аумағын алатын болсақ, С-0-1 және D-0-1 санаттарына жатқызылған мемлекеттік қызметшілерді ғана.

«Б» корпусының кадрлық резерві институтының жойылғанын айтып кеткенді де жөн санап отырмын.

Бұл дегеніміз, осы жылдан бастап мемлекеттік органдардың конкурстық комиссиялары үміткерлерді «Б» корпусының кадрлық резервке тіркелген адамдарды қайтеміз? Былдан бастап олар кадрлық резервтен шығарылып тасталды ма?

туралы, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» тұрады және шекаралық мән барлық нормативтік құқықтық актілердің барлық сұрақтарынан (120 сұрақ) 72-ден және әрбір нормативтік құқықтық актілерден 5-тен кем емес дұрыс жауап межелінде орнатылған. Тестілеуді орындауға берілетін уақыт 100 минут.

Үшінші бағдарлама 6 заңнан (Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы», «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы») тұрады және шекаралық мән құқықтық актілердің барлық сұрақтарынан (90 сұрақ) 45-тен кем емес және әрбір нормативтік құқықтық актілерден 5-тен кем емес дұрыс жауапты құрайды. Тестілеуді орындауға берілетін уақыт 80 минут.

Заңнамалар бойынша шекаралық мәннен жоғары нәтижемен тестілеуден өткен жағдайда үміткер 20 минут аралығында жоғарыда айтып кеткендей жеке тұлғалық қасиеттері мен мемлекеттік қызмет қағидаларына адалдығы бағаланатын тестілеуді тапсырады.

Заңнама білімі бойынша тестілеудің нәтижесінде сертификат, жеке қасиеттерін бағалау бойынша қорытынды беріледі.

Егер үміткер заңнамалар бойынша тестілеуден өтпей қалса, онда ол қайта тестілеуге 2 айдан кейін ғана бара алады. Бұрын бұл мерзім 3 ай болатын, қазір 2 айға дейін қысқартылып отыр.

Үміткерлердің қайта тестілеу мерзімі, яғни, 2 айды күтпестен, тестілеу нәтижелеріне шағымдану мүмкіндігі бар ма?

- Иә, Департаментте үміткерлердің тестілеу нәтижелері бойынша шағымдарын қарайтын апелляциялық комиссия жұмыс істейді.

Апелляциялық комиссияның отырысында тестілеудің жалпы алғанда 1 немесе 2 ұпайын ала алмаған үміткерлердің ғана шағымдары қаралады. Мысалы, үміткер екінші бағдарлама бойынша қатысып, қажетті 72 ұпайдан 70 ғана алды. Міне, осындай үміткерлердің апелляцияға беруге құқықтары бар.

Шағымды үміткердің өзі тестілеуден өткен күннен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде апелляциялық комиссиясының төрағасының атына жазуы қажет.

Комиссия отырысында үміткер дұрыс емес жауап берген тестілеу тапсырмалары қаралып, қорытындысында комиссия келесі шешімдердің бірін қабылдайды: 1. апелляцияны қанағаттандырусыз қалдыру; 2. ап-

пелляцияны қанағаттандырып, үміткерді қайта тестілеуге жіберу, яғни, қайта тестілеуге баратын 2 айды күтпей.

Талант Бақбергенұлы, бұрын мемлекеттік қызметшілердің қызметін бағалау қорытындысы бойынша аттестаттауды 3 жылда 1 рет өткізу қарастырылған болатын. Енді аттестаттауды өткізу қандай кезеңділікке жорамал-данған?

- Енді мемлекеттік қызметкерлерді аттестаттау ел Президентінің шешімімен өткізіледі, сәйкесінше, өткізу тәртібі мен мерзімдері де Елбасымен анықталады. Яғни «бағалау қорытындысы бойынша аттестаттау» деген ұғым болмайды.

Менің білуімше, жаңа Заңға сәйкес мемлекеттік қызметкерлердің зейнеткерлік жасына жетуіне байланысты жұмыстан шығу бөліміне де өзгерістер енгізілген екен?

- Иә, оныңыз рас. Бұрынғы заңға сәйкес мемлекеттік қызметті тоқтатуға негіздік бірі - әкімшілік мемлекеттік қызметшінің қос та- раптың келісімімен еңбек шартын жасасу арқылы жыл сайын мерзімін ұзарту құқығымен зейнет жасына жетуі болған.

Енді осы жылдан бастап жаңа заңның күшіне енуіне байланысты зейнеткерлік жасына жеткен тұлғалармен келісімшарт тек бір жылға ғана ұзартылатын болады. Ал қазіргі таңда еңбек шарты негізінде жұмыс істеп жүрген мемлекеттік қызметкерлер осы жылы жұмыстан шығарылуы тиіс. Өйткені олар зейнеткерлік жасына жеткен және олармен бұған дейін еңбек шарты жасалған. Мысалы, зейнеткерлік жасына жеткен мемлекеттік қызметшімен 2015 жылы еңбек шарты жасалған. Демек, былл мемлекеттік қызметші еңбек шарты мерзімінің аяқталуына байланысты жұмыстан шығарылуы тиіс.

Мемлекеттік қызметшілер үшін тағы бір маңызды мәселе олардың еңбек ақысы болып келеді. Бұл тұста не күтуге болады?

- Елбасымыз «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастар жол» атты мақаласында мемлекеттік қызметшінің құзыреті, қызмет нәтижесі және оның қызметінің сипаты, көлемі мен атқарылған жұмыс нәтижесіне байланысты мемлекеттік қызметшілерге еңбекақы төлеудің жаңа жүйесінің заңнамалық түрде бекітілетінін атап өтті.

Қызметте аса жоғары нәтижелер үшін қосымша бонустар төлемі қарастырылатын болады. Мұндай жүйені 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізу жоспарлануда.

Мұнымен қоса, Елбасының жыл сайынғы Жолдауына сәйкес осы жылы «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің еңбекақысы 30%-ға көтерілді.

- **Өңгімеңізге рахмет.**

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті басшысының және оның орынбасарларының азаматтарды ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

ГРАФИК ПРИЕМА

граждан руководством департамента Министерства по делам государственной службы РК по Карагандинской области и его заместителями

Сәрсенов Жандос Шералыұлы	Департамент басшысы – Әдеп кеңесінің төрағасы	Апта сайын дүйсенбі және бейсенбі күндері сағат 16.00-18.30 аралығында
	Руководитель Департамента – Председатель Совета по этике	Еженедельно по понедельникам и четвергам с 16.00-18.30 часов
Ахметов Берік Мұхамеджанұлы	Департамент басшысының орынбасары – Әдеп жөніндегі кеңес хатшылығының менгерушісі	Апта сайын сейсенбі және жұма күндері сағат 16.00-18.30 аралығында
	Заместитель руководителя Департамента – заведующий секретариатом Совета по этике	Еженедельно по вторникам и пятницам с 16.00-18.30 часов
Медет Талант Бақбергенұлы	Департамент басшысының орынбасары	Апта сайын сәрсенбі және жұма күндері сағат 16.00-18.3 аралығында
	Заместитель руководителя Департамента	Еженедельно по средам и пятницам с 16.00-18.30 часов

Қосымша кеңес алу үшін және мемлекеттік қызметшілермен «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметі туралы» Заңының және Әдеп кодексінің нормаларының сақталмағаны жағдайында **8 (7212) 91-36-56** телефоны бойынша жүгінугізді сұраймыз.

Для дополнительной консультации, а также в случаях нарушения государственными служащими Закона «О государственной службе Республики Казахстан», и норм Этического кодекса, просим обращаться **по тел.: 8 (7212) 91-36-56.**



НАШАҚОРЛЫҚ - ҚАУІПТІ ДЕРТ

Салауатты өмір салтын насихаттап отырып, табиғаттың адам баласына сыйлаған басты байлығы денсаулықты сақтаудың басты қағидалары, жастардың зиянды әдеттерден бойларын аулақ ұстауға, әлем дерті нашақорлық ауруынан сақтануға, өкүшылардың бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға, денсаулықтың қадірін түсініп, сақтай білуге тәрбиелеу мақсатында ауданымыздағы мұражайда «На-



шақорлыққа жол жоқ» атты іс-шара ұйымдастырылып, өткізілді.

Осы мақсатта, мұражайдағы іс-шараға ауыл ақсақалдары Қ.Сейілбеков, Ш.Әлғожин, «Жанқұтты би» мешітінің бас имамы Берік Алпысбайұлы, аудандық орталық аурухана қызметкері Т.Іскендірова, аудандық орталықтандырылған кітапхана қызметкерлері, агротехникалық колледж студенттері, сонымен қатар Ы.Алтынсарин атындағы мектеп гимназияның 8 «б» сынып оқушылары мен ата-аналары және осы сыныптың жетекшісі Алма Серікова белсене қатысты.

Іс-шарада колледж студенттері «Ата мен бала» атты көрінісін сахналап, көрермендердің алғысына бөленді. «Нашақорлық қоғамдық дерт» атты слайдпен «Нашақорлық» атты деректі фильм көрсетілді. Сонымен қатар, «Нашақор-

лық қауіпті дерт» атты Т.Іскендірованың баяндамасы көптің көзілінен шықты. Аталарымыз ұлтымызды азғындатып, адамды кісілік қасиетінен айыратын тажал дертіне қарсы күрес отбасынан, мектептен басталуы тиіс деп, жастарды жат қылықтардан аулақ болуға шақырып, өздерінің жүрекжарды лебіздерін білдірді.

Елбасының «Қазақстан -2030» Жолдауында көрсетілген өзекті мәсе-

лелердің бірі салауатты өмір сүру, оны насихаттау мәселесі. Салауатты өмір салты дегеніміз не? Ол әлеуметтік тұрмыстарды жақсарту, бос уақытты тиімді пайдалану, зиянды әрекеттерден аулақ болу деген сөз. Қазіргі кезде етек алған заманымыздың келесі дерттері шылым шегу, нашақорлық. Осы іс-шарамыздың мақсаты - жастарымызды жат қылықтардан аулақ болуға тәрбиелеу және салауатты өмір салтын насихаттау болып табылады.

«Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» дейді данышпан халқымыз. Олай болса, салауатты өмір сүрейік, спортпен айналысайық, ағайын!

Б.БАЯМАНОВА,
аудандық мұражай
қызметкері.

ӨМІР ГҮЛІ - АНАҒА ҰЛЫЛЫҚ, ТӘН, БАР ТІРАК ТЕК АНАДАН ҰҒЫНЫПТЫ ӘН

Мерекелік сауалнама

ӘЙЕЛ БАҚЫТЫН ҚАЛАЙ ТҮСІНЕСІЗ?



БӘРІ ДЕ АНА ТУРАЛЫ

«Әуелі анана, тағы да анана, содан соң әкеңе жақсылық жаса» делінген.

«Егер атаң мен анаң бір мезгілде үн қатып қалса, әуелі анана жауап бер» деген.

«Анаңды Меккеге үш рет аркалап барсаң да, парызыңды өтей алмайсың».

«Кімде- кім ата-анасының ризалығын алған болса, бала соның өмірін ұзартады» делінген.

«Аяғы ауыр болып, құрсақ көтеріп жүрген әйел дүние салса, шаһиттердің қатарынан болады».

«Аяғы ауыр әйелдер, дүниеге бала әкеліп, әрі балаларына қамқор, күйеуіне адал, айтқанын екі етпейтін болса, намазын өз уақытында оқыса, барар жері Жәннат болады».

«Ей, перзентім! Ойына тоқып ал, ата-анаға құрмет, ізет қылуды мойыңға алу ләзім. Себебі баланың түп негізі ата-ана болып табылады».

Сен ата-ананың еңбегін де дін жағынан да өтей алмасаң да ақыл санаңмен, адамгершілікпен өте. Кімде кім ата-анасын разы еткен болса, ол жақсы. Алла тағала оның өмірін ұзартады».

Пайғамбарымызға ең алғаш иман келтірген - әйел адам, Хадиша анамыз (радиаллаһу әнһумә)

Ең алғаш шәһид болған - әйел адам, Сумая бинт Хуббат (радиаллаһу әнһә)

Алла Құранда әйелдер туралы толық бір сүре түсірген. Ал, еркектер туралы ешқандай сүре жоқ.

Алла Елшісі алдымен жақсылықты әкеге емес, анаға жасауға бұйырған.

Алла Тағала әйелдерге жәннаттың қалаған есігінен кіру үшін тек төрт амалды ғана міндеттеді. Ал, еркектерге бұл мүмкіндікке ие болу үшін одан да көп міндеттер жүктелген.

Әйел адам ата анасы үшін жәннатқа кіруге мүмкіндік беретін тұлға. Себебі, хадисте, егер кімде-кім екі немесе үш қызды ислами тәрбиеде өсірсе, олардың ата-анасы жәннатқа кіретіні сүйіншіленген.

(Мұхаммед пайғамбарымыздың хадистерінен).

Жаны да тәні де нәзік әйел қандай қиындыққа да мойымайды. Ал бір қолымен жіп иіріп, екінші қолымен бесік тербететін жаны нәзік жандардың нағыз бақыты неде екен? Әйел бақытының өзегі не? Мансап алу ма, байлық па? Шын бақыт неде екен? Бұл жайында әйел-аналарымыздан және қыз-келіншектерімізден сауалнама алған едік.

Шәмшия ТӨЛЕГЕНОВА - қарт ұстаз:

- Әйелдің бақыты ана болу, бала сүю. Ана алдындағы сөбімен көрікті демей ме. Әйелдің нағыз бақытты шағы сөбіін тоғыз ай, тоғыз күн көтеріп, өмірге әкелу. Бұл туралы «ана бала туғанда ол оған дейінгі барлық күнәсінен тазарады» деген хадисті оқығаным бар. Алпыс екі тамырын иіп, бөбегіңе иіген көңілің аналық мейірімді тасытады. Сондықтан әр ана құшағындағы баласымен бақытты. Нағыз әйел бақытының өзегі не деген сауалға келсем- әрине ол өмірге келтірген балалары мен отбасы дер едім. Сол балаларын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай өсіріп, тәлімді тәрбие беріп білім жолына бағыттау әр ата-ананың борышы. Өзім аудан орталығындағы Ы.Алтынсарин мектебінде көп жылдар ұстаздық етіп, алдымнан талай шәкірттер өмірге қанат қағып ұшты. Өзімнің көз алдымда солардың өсіп-өнгені, еңбек етіп халқына пайдасын тигізгені мен үшін де зор мақтаншы. «Ұстаздан шәкірт озар» деп тегін айтпаған. Мен әр шәкіртімнің бақытты ғұмыр кешкенін қалаймын. Менің бар байлығым- ба-

лаларым деп ойлаймын. Бейнетімнің зейнетін көріп жатырмын. Алла тағала ел-жұртыма ырыс-береке нәсіп етіп, бақытты ете гөр деп тілеймін.

Мейрамкүл НҮРПЕЙСОВА - аудандық орталықтандырылған кітапхананың директоры:

- Меніңше әйел болып жаратылғанның өзі нағыз бақыт шығар. Өйткені аналар өмірге адам алып келеді. Баласымен өз ата-анасын да, күйеуінің өкешесін де қуанышқа бөлейді. Екі елді біріктіріп, қосады. Өрісті кеңейтіп, ұрпақ өрбітеді. Ертеректе бір ақсақалдың төрт ұлы болған екен. Үлкен ұлы шаңырақ көтеріп, әйелі өмірге ұл бала әкелгенде әлгі қария сүйінші сұрай келген замандасына бір қой атайды. Екінші жолы екінші ұлының әйелі қыз баланы өмірге әкелгенде сүйінші сұрай келгенге екі қой атаған екен. Содан үлкен ұлдың көңілінде күдік орнап, өкешінен «өке, ұл балам өмірге келгенде бір қой атадың, ал екінші келінің қыз туғанда неге екі қой атадың, осының мәнісі не» деп сұрайды. Сонда көргенді ақсақал «е, балам сенің ұлың ұрпақ екені рас, осы үйге ие болатыны шындық, ал өмірге келген қыз бала екі елге ортақ, екі ауылдың арасын жалғайды емес пе» деген екен. Иә, қарап тұрсаңыз мұның бәрі бұл шындық. Қазақта «Үйді қырық еркек толтыра алмайды, бір әйел толтырады» деген жақсы сөз бар емес пе? Сондықтан баласымен бақытты әйел - аналарды сыйлап, құрметтеу керек. Сонда ғана олар бақытты болмақ.

Күләш (Бикен) ТУҒАНБАЕВА - зейнеткер:



ЕР МІНЕЗДІ ӘСЕМКҮЛ

көмек қолын созып, ақыл-кеңесін беріп, адамдармен жан жүрегімен түсінісіп, шүйіркелесе кетеді. Аудандық елді мекеңдердегі мәдениет орындарына жиі-жиі ат ізін салып, олардың жұмыстарымен танысып, үнемі қамқорлық жасап отырады.

Ақтөбе ауылында клуб үйінің меңгерушісі болып қызмет атқарып жүрген Мейрамкүл Мәуленова Әсемкүл жайлы өзінің пікірін айтып, ол кісінің атқарған еңбегін, қызметкерлерге жанашырлығы мен қарапайым парасатты мінезін мақтан етеді.

Әсемкүл Самиғоллақызы елінің игілігі жолында мәдениет саласын дамытуда еңбегін

- Нағыз бақыт - әйелдің ақылдында. Ақылды әйел өмірлік жарды таңдауда қателеспейді. Отбасында қандай жағдай болса да ақылды әйел жарасымдылықты сақтап, бақытты болудың жолдарын біледі. Кейбір әйелдер жанұядағы өз орнын білмей, некесін бұзып жатады. Ал, ақылды әйел жанұяда отағасын құрметтеп, балаларына да тәлімді тәрбие беруді ойлайды. Өзімде 4 қыз, 3 ұлым бар. Қыздарым тұрмыс құрғанда ақыл-кеңесімді айтып, білгенімді үйретіп отырамын. Құдайға тәуба, бәрі де ақылды. Бір-бір отбасын қуаныш-қа кенелтіп, балаларын өрбітіп отыр. Немерелерім де ақылды. Ата-аналарын да құрметтейді. Олардың әр жасаған жақсылық істері мен үшін зор мәртебе. Қазірде отбасын құрған жастар бір-екі баламен шектеліп жатады. Әрине бұл дұрыс емес. «Бір қозы туса, бір жұсын артық шығады» деп тегін айтпаған. Өмірге келген әр баланың өз несібесі болады. Сондықтан көп бала болған жерде тәрбие де, адамгершілік өрістей түседі. Әйел бақыты неде дегенге келсем - әр ана өз балаларының қол жеткізген жетістіктерін көру. Соған мақтана білу.

Гүлшат ҚЫЗЫЛОВА - жас ана:

- Әрине әйел баласымен бақытты. Оны баласы бар әр ана түсінеді деп ойлаймын. Бірақ еркек үйдің тірегі, ұстап тұратын қазығы ғой. Енді біреулер үлде мен бұлдеге оранып, қамсыз өмір кешсе сол бақыт дегенді айтады. Бірақ байлық та, ақша да, мол дүние де бақыт бола алмайды. Ерекше сұлу-

лығын, көз тоймайтын сүйкімділігін де бақытқа балайтындар бар. Оның ішкі жаны таза болмаса, сыртының сұлулығы кімге керек. Ал мен әйелді сүйген жарыммен бақытты дер едім. Нақ-тырақ айтқанда, отау құрғанда жаныңды түсініп, отбасындағы әр шаруаны ақылмен шешетін, отбасын асырай алатын ер азамат әр әйелдің бақыты. Бір-бірін түсінетін, сыйлай білетін жандардың шаңырақтары мықты, іргелері берік болатыны белгілі. Мұндай жандардың ошағының оты ешқандай да сөнбейді. Олар өмірге әкелген әр баласын өсіріп, бірдей тәлімді тәрбие беріп, азамат етіп шығарады. Тату-тәтті отбасының балалары шын бақытты дер едім. Осындай отбасы әйел-ананың нағыз бақыты болмақ.

Жүргізген сауалнамадағы әйел - аналардың сөзіне тоқталсақ, нағыз әйел бақыты өмірлік қосағымен қоса ағару, өмірінің соңына дейін тату-тәтті жұптары жазылмай ғұмыр кешу. Бір аяқпен жүре алмай, бір қолымызбен ештеңе жасай алмайтынымыз сияқты әйел жалғыз болса, ешқандай бақытты бола алмайды. «Екі жарты, бір бүтін» деген сөз тегін айтылмаған. Ондай болса, әйел-аналардың жанында ер-азамат, ал балалардың жанында ата-аналары әрдайым бірге болсын деген тілек тілейік, әрдайым.

Сауалнаманы жүргізген
Салтанат ЖОСАЛБАЙ.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай облыстық мәдени мұрағаттар және құжаттама басқармасы басшысының Құрмет грамотасымен, 2015 жылы ҚР халықаралық ұйымдастырушылық комитетінің шешімімен «Бизнес-рейтинг» мекемесінің қорытындысы бойынша «Мемлекеттік қызметкер атағы» орденімен марапатталған.

Әсемкүл Самиғоллақызы өз жұмысының қыр-сырын жақсы меңгерген, білікті қызметкер, жұмысты жүргізудің өртүрлі әдіс-тәсілдерін іс жүзінде тиімді қолданып, ауданның экономикалық даму жолына белсене араласып, ұйымдастырушылық және басқарушылық қабілетінің мол екендігін көрсетіп келеді.

Өріптестері арасында беделді, алғыс пен құрметке ие аяулы жан, білікті басшы. Өмірге деген көзқарасы белсенді адамгершілігі мол, шығармашылық ұжымдардың және аудан тұрғындарының арасында құрметке ие ер мінезді әйел басшы Әсемкүл Самиғоллақызы барлық өріптестері атынан алда келе жатқан халық аралық әйелдер күні мерекесімен құттықтаймыз. Деніңізге саулық, күндеріңізге шаттық, өміріңізге құт-береке, ауызбіршілік пен тыныштық тілейміз!

Шарбану ӘБДИЕВА,
Ақсу-Аюлы ауылы.



КҮН БОП КҮЛІП ӘРҚАШАН ЖҮРІҢДЕРШІ, ЖАРАЛҒАН ЖАНСЫҢДАР ҒОЙ ҰЛЫ ҚҰТТАН



басын жетілдіріп, өз ісіне шеберлік шыңына өрмелей отырып, ол лайықтылық пен артықшылықтың жоғары сатысына көтеріледі, бұл талғамның нәзіктенуінен, ақылдың сұңғылалығынан, пайымдаудың тереңдігінен тілектердің мүлтіксіздігінен көрінеді. Сөзі дана, ісі ізгі кемел кісіні әр адам аңсайтыны белгілі. Даңқұны еңбектің бағасымен өтеледі. Бірақ даналықтың бір артықшылығы, ол мәңгілік. Бүгінгі әңгімеге арқау болар

дық жөн сұрасқан соң сұхбаттасудың сөті түсті. Жаңаарқа жерінде дүние есігін ашып, бес жасында Өспенге қоныс аударады. Осы жерде білім алып, алтыншы сыныпты тәмамдайды. Еңбекке ерте араласып, еңбек жолын Ақадырдағы болат жолдың бойынан бастайды. Тылда тынбай еңбек етіп, еңбегі еленіп, бірнеше медальдермен марапатталады. Ауыр еңбек апамызды ерте есейтті. Әкесі ерте қайтқан қаршадай қызға қамқорлық қылар жал-

тұрып алға үмітпен бет бұрады. Талай белестерді бағындырып, қажыр қайраттарына қанат байлап сезіммен сенім бірлестігі болашаққа бет түзейді. Бетпақ дала Таятқан шұнаққа барып, сегіз жыл төрт түліктің төресі түйені де бақтым, одан келіп бір мың тоғыз жүз елу алтыншы жылдан бастап алдымызға қой салып қой бағып қой төлдеттік. Сексен алтыншы жылға дейін қой соңынан түскеніміз жоқ. Еңбек етсең ерінбей тояды қарның тіленбей демекші, еңбегімізді еледі марапаттан да құр қалғанымыз жоқ, балаларды оқыттық бәрі жоғары білімді. Апамыз он бір құрсақ көтерген, үлкен ұлы алпысты алқымдап жетпіске аяқ басқан жайы бар, отыз жеті немере, қырық үш шөбересі бар Алла берген. Апамыз мәуелі бөйтеректей жайқалып аналық жан шуағын таратқан сол шуақтан қуат алған ұрпақтарын ұйытып отырған ұйытқысы десе болады. Ана бар тіршіліктің бастауы, аласармас асқар шыңы тіршіліктің қайнар көзі, асылдың өзі, ғасырдың куәсі апамызға Алла қуат бергей. Кетерімде апамыздан ұзақ жасаудың мәнін сұрадым, ол кісі былай деді, оның еш құпиясы жоқ шырағым, еңбек қимыл бейнеттің зейнеті бар қазіргі жастар жатып ішер, бәрі дайын еңбекке құлықтары жоқ жан аямай еңбек қылу керек, тамағы тоқтық жұмысы жоқтық аздырар адам баласын деп хәкім Абай айтқан жоқ па, - деді апамыз. Мен түсіндім қарты бар үйдің қазынасы бар деуші еді. Қазынамыз ортаймасын, басымыздан бақ таймасын, ағайын!

Ардақ МҰҚЫШ,
Ақадыр кенті.

ҒАСЫРДЫ АЛҚЫМДАҒАН АСЫЛ АНА

Бала кезімізде жүз жасаған жандарды құлағымыз жиі естіп жүретін. Ол кезде онша мән бермейтінбіз. Ал бүгінде ондай жандарды кездестіру некен саяқ. Дегенмен ара кідік арасында кездесіп қалатыны бар. Ертеректе естуші едік үлкендерден, ұзақ жасаған жандарды сүйегі асыл деп отыратынын. Бәлкім табиғаттың, ауаның тазалығы ішкен суы, татқан дәмді салған әні, саф алтындай тазалығынан болар бәлкім кім білген бұл бізге жұмбақ дүние. Бүгінгі біздің буынның жүзге жетуі некен саяқ, жоқтың қасы. Ой-өрісіміз ғаламдық деңгейге жеткенімен адамдық жас ерекшелігіміз кеміп бара жатқаны айтпаса да түсінікті. Аты өлмейтін жандардың өшпес істер сыйлайтыны белгілі. Адам қаншалықты көп білсе адамдығы соншалықты болмақ, көп білетін адам құдіретті. Надан үшін дүние қараңғы түнек. Ақыл мен күш, көз бен қол, қажыр қайратсыз даналық жеміссіз ағаш сияқты. Адам бірден кемеліне келіп тумайды, бірақ күннен күнге жеке



ғасыр жасаған батыр ана, Ақадыр кентінің тұрғыны Сахан апа жайлы болмақ. Ақадыр кентінде ғасырдың куәсі асыл әжеміздің бар екенін естіп біліп іздеп бардым. Балалары қонақжайлылықпен қарсы алды. Көрия таяқсыз ақ тың жүріп амандық саулық сұрасты. Менің таңырқай қарағанымнан сезді білем, Алланың берген күш қуаты шығар, отыз жыл болды сәждеге бас қойғанымға шырағым, деп қалды апамыз. Аман-

ғыз анасының қас-қабағына қарап еңбектің ащы терін өзі татқаннан басқа шара қалмағандай еді. Ферманың жүз елу сырының сүтін тартып, майын шайқап таңның атысы күннің батысына дейін талмаушы едік қой деп қойды апамыз. Отағасы Ұлы Отан соғысының ардагері Хамитұлы Мұштаба ақсақалмен жарасып шаңырақ көтереді. Қол ұстасып өмір дейтін өр толқындарына қасқая қарсы

ӘН - КӨҢІЛДІҢ АЖАРЫ

Атыңнан айналайын халық әні,
Атың қандай жүрекке танымалы.
Күйіп жанып күні түні тыңдасам да,
Тыңдай алмай келемін қанып әлі.

Төңірдің берген сыйы, төу етер Тәуелсіздігімізге 25 жыл қарсаңында Тайжан Қалмағанбетов атындағы Жезқазған филармониясының жанынан құрылған "Ән көңілдің ажары" ансамблі жақында Ақадыр кентіндегі Ш.Бейсекқызы атындағы мәдени сауық орталығында болып, ән мен жырдан шашу шашты. Осы шара барысында бірнеше өнер майталмандарын сөзге тартқан болатынбыз. Ансамбльдің жетекшісі Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген әртісі, дәстүрлі әнші, ұлағатты ұстаз, ән өнерінің академигі Жүсіпбек Елебековтің соңғы шәкірті Ғалым Мұхамедин. - Жалпы біздің топтың мақсаты - ел Тәуелсіздігінің мерейтойы аясында, шалғайда жатқан елді мекендерге ат басын бұрып, өнер сүйер қауыммен жүздесу. Өнерпаздың тыңдаушысы, бұлақ көзі қайнары ауылда екенін, бірі білсе, бірі білмес, көп әншілер ауыл жаққа ат ізін сала бермейтінін айта келе,

соңынан ерген шәкірттеріне ел ішіндегі айтылмай жүрген әндерді жинақтап, насихаттап, талмай ізденуді үйретіп, ұлттық құндылықтарымызды ұлықтау мақсатында қолға алынған шара болатын деді.



Жанбол Көпбосынов халық-аралық ақындар айтқысының жүлдегері, дәстүрлі әнші - Арқадағы шертпе күйдің Отаны дейтін өлкеге келіп жа-


тырмыз. Ән сүйер қауымның ықыласы керемет, ерекше күйде толқып тұрған жайым бар. Ғалым Мұхамедин ағамыздың алдынан тәлім алған шәкірттерінің бірімін, өнер десе ішкен асын жерге қоятын қазақ дейтін халықтың ықыласына не жетсін. Егемендіктің елдіктің арқасы деп елден елді аралап, тектіден текті саралап ел ықыласына бөленіп ел бірлігін әнмен әспеттей бермекшіміз деді, - өз сөзінде.

Сағындықов Асхат "Ән көңілдің ажары" тобының әншісі: - Көптеген елді мекендерде болдық, халық жылы құшақ жайып ықыласпен қарсы алуда. Ел мен өнер дом-

быраның қос ішегіндей егіз, бірі халық болса бірі өнер екеуі бірінсіз бірі үндесе алмайды. Туымыз тұғырда, тәуелсіздігіміз ғұмырлы бейбіт күннің аспанында өніміз қалықтай берсін дегім келеді деп тарқатты өз сөзінде жас әнші.

Иә, лайым солай болғай, "Ән көңілдің ажары" тобы өнге шөліркеген халықтың қошеметіне бөленді. Өнерпазға одан асқан сый бола қоймас, сірә. Ән көңілдің ажары дегендей, өнер адамдары өсем ән мен жырдан шашу шашты. Мереке-лік ән кешінің соңында Ақадыр кентінің әкімі А.Сембаев құттықтау сөз сөйлеп, Ғалым Мұхамединнің иығына шапан жапты. Келісті кеш көрерменнің кө айымына айналып қала берді. Келесі кездескенше деп тарқасты, патша көңіл көрермен!

Ардақ МАҚСҰТҰЛЫ,
Ақадыр кенті.



АНАШЫМ

Асыл ана! Түсімде көрем сені,
Бұрынғыдай емессің неге еңселі?
Мен білсем, саған деген сағыныштың,
Осынау жұмыр жерде жоқ өлшемі.

Тербеп сол сағыныштың күшті ырғағы,
Елжіреп елесінді құштым тағы.
Хат байлап қанатына жіберер ем,
Бармайды-ау, біздің жаққа құстың бәрі.

Не таптым, белден кетіп бетегелі?!
Қалаға қаңғыбас ой жетеледі.
Жақұттап жазу үшін осы өленді,
Он жылдық білімім де жетер еді.

Дүние шыр айналып шарайнадай,
Жолыма қала бердің қарай-қарай.
Қайырымсыз қалаға, мейірімді,
Қалдырып кете бергем қалай ғана-ай?!

Ал, бүгін ақын болды ақылды ұлын,
Жанымды жегідей жеп жатыр мұным.
Ардақтап арнамасам саған өлен,
Адыра қалатындай ақындығым.

Білмеймін, бұл қаладан бақ табам ба?
Жабығып жүргендеймін жат ғаламда.
...Тарылған көшелері тас қаладан,
Тарыдай бір мейірім таппағанда,

Қалқаман САРИН.





САЙЛАУ-2016

№1 АҚСУ-АЮЛЫ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ШЕТ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ АХМЕДИЯ САМАТ АМАНЖОЛҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

ПРЕДВЫБОРНАЯ ПРОГРАММА КАНДИДАТА В ДЕПУТАТЫ ШЕТСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА ПО АКСУ-АЮЛИНСКОМУ ИЗБИРАТЕЛЬНОМУ ОКРУГУ №1 АХМЕДИЯ САМАТ АМАНЖОЛҰЛЫ

ӨМІРБАЯН

Мен, Ахмедия Самат Аманжолұлы, 1990 жылы Қарағанды облысы Шет ауданының Ақсу-Аюлы ауылында дүниеге келдім.

2005 жылы Ы.Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебін бітіргеннен соң, Қарағанды политехникалық колледжіне түстім. 2010 жылы колледжді аяқтап, аталмыш оқу орнының Қарағанды мемлекеттік техникалық университеттің сырттай бөлімінде «Тасымалдарды» қозғалысты ұйымдастыру және көлікті пайдалану мамандығы бойынша оқып жатырмын.

2010 жылдан 2013 жылға дейін «Шет ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінде тұрғын үй инспекторы болып, 2013 жылдың сәуір айынан бастап «Шет ауданының жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде директор болып қызмет атқарамын.

Отбасылық жағдайым үйленгенмін. Екі бала тәрбиелеп отырмын.



АВТОБИОГРАФИЯ

Я, Ахмедия Самат Аманжолұлы родился в 1990 году в Ақсу-Аюлы Шетского района Карагандинской области.

В 2005 году закончил основную среднюю школу имени Ы.Алтынсарина и поступил в Карагандинский политехнический колледж, окончив колледж 2010 году поступил на заочное отделение Карагандинского государственного технического университета по специальности «Организация перевозок, движения и эксплуатация транспорта».

2010-2013 годах работал инспектором отдела «Жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог» Шетского района. С 2013 года работаю на должности директора «Молодежного ресурсного центра» Шетского района.

Женат, воспитываю двоих детей.

Құрметті сайлаушылар!

Мен үшін партия көшбасшысы тәуелсіз еліміздің тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев болып табылатын партияның мүддесін қорғау үлкен құрмет болып табылады. Елбасымыздың белсенді және іс жүзінде қолдау көрсетіліп отырған саясаты - бұл халықтық демократиялық «Нұр Отан» партиясының таңдауы және менің де.

Мен өзімнің жастық жалыныма және креативтік көзқарасымға қарай сайлаушылардың мүдделерін қорғап, Ақсу-Аюлы тұрғындарының өмірін одан әрі жақсарту үшін оларды аудандық мәслихатта лайықты түрде ұсынуға дайынмын.

Егер сайлаушылар маған дауыстарын берсе, онда мен:

Ауданның экономикалық-әлеуметтік даму бағдарламаларының орындалуына ықпал етуге;

Ақсу-Аюлы ауылы тұрғындарының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайының көтерілуіне ауылдастарыммен бірігіп жұмыс жасап, олардың даусын тиісті орындарға жеткізуге дәнекер боламын;

Қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің біріне айналған қайшылықтарға толы діни ахуалды реттеуге, қоғамда орын алып отырған келеңсіз жайттармен күресуге;

Ақсу-Аюлы ауылының көркейту, көгалдандыру, абаттандырылуына, көшелерге жол салу, (Ж.Күлейменов көшесінің 7 (жетінші) қиылысындағы жолды асфальттауға, субұрқақ орнатуға, балалар алаңын салуға, ауыз су мәселесінің

жаз айларында толықтай шешілуін, көшелерді жарықтыңдыруға) бюджеттен қаржы бөліруге;

Аудандағы «Құмжон» көшесінің инфрақұрылымының дамуына, ауыз су мәселесінің толықтай шешілуіне және қыс айында жолды қардан таза ұстауға, айналым жол салуға ықпал жасаймын;

Ел ертеңі - жастар, ендеше, Ақсу-Аюлы ауылының Ж.Ақылбаев атындағы мектеп гимназиясы мен Ы.Алтынсарин атындағы мектеп гимназиясының жоғары сынып оқушыларына, Агротехникалық колледж студенттеріне және аудан өңірінен шыққан дарынды жастарға (шығармашылық, өнер, ғылым, спорт, мәдениет т.б салалар бойынша) жан-жақты қолдау көрсете отырып, жастар мен жасөспірімдердің жұмыспен қамтылуына, олардың салауатты өмір құрғын қалыптастыруға, бос уақыттарын мазмұнды өткеруге, спорттың бұқаралығын арттыруға, аулалық клубтар ашуға, жас мамандарды ауылға тартуға, студент жастардың жаз айларында қоғамдық жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ете отырып, «Жасыл Ел» еңбек жасақтарының жұмысын одан әрі жандандыруға;

Ауылдың экологиялық ахуалы бойынша мәселерді көтере отырып, экологиялық ахуалының жақсаруына;

Сондай-ақ ауыл кәсіпкерлерінің мүддесін қорғай отырып, билікпен екі араға дәнекер болып, олардың жеңілдікпен несие алуына, облыс, аудан әкімдерінің гранттарына қол жеткізулеріне бар көмегімді жасаймын;

Жас мамандардың мәселелерін үнемі назарда ұстап көмектесуге және аудандық конкурстар ұйымдастырып, аудан әкімінің сыйақысын тағайындау, «Дипломмен ауылға» бағдарламасы арқылы келген жас мамандарға және жетім балаларға тұрғын үй мәселесін шешуге барынша ықпал жасаймын.

Соғыс және еңбек ардагерлері, мүгедектер мен аз қамтылған отбасылардың қуәнділігі тұрмыс мәселелеріне үнемі көңіл бөліп отыруға міндеттенемін.

Алға қойған мақсаттың ауырлығын сезіне отырып, осы мәселелерді және де өз сайлау округімдегі тұрғындардың кез-келген өтініштерін шешу мақсатында бар білімім мен күш-жігерімді саламын. Бүгінгі күні заңда әртүрлі қоғамның деңгейін тиімді де және сапалы қарым қатынасы үшін барлық жағдай жасалған және де осы мақсатта халық қалаушыларына да айтарлықтай маңызды рөл бөлінген. Менің көзқарасым бойынша ең бастысы біз шеше алмайтын мәселе, біз шыға алмайтын шың жоқ. Ол үшін тынымсыз еңбек ету, жаңа механизмдерді жоспарға енгізе отырып, процестерді бақылау, нақты мақсат қоя білу және де талап ете білу қажет.

Осы аталған мәселелер мен проблемаларды шешуге бар күш-жігерімді жұмсаймын.

Сайлауға біркісідей қатысып, маған қолдау көрсетеді деп сенемін.

ттарына қол жеткізулеріне бар көмегімді жасаймын;

Жас мамандардың мәселелерін үнемі назарда ұстап көмектесуге және аудандық конкурстар ұйымдастырып, аудан әкімінің сыйақысын тағайындау, «Дипломмен ауылға» бағдарламасы арқылы келген жас мамандарға және жетім балаларға тұрғын үй мәселесін шешуге барынша ықпал жасаймын.

Соғыс және еңбек ардагерлері, мүгедектер мен аз қамтылған отбасылардың қуәнділігі тұрмыс мәселелеріне үнемі көңіл бөліп отыруға міндеттенемін.

Алға қойған мақсаттың ауырлығын сезіне отырып, осы мәселелерді және де өз сайлау округімдегі тұрғындардың кез-келген өтініштерін шешу мақсатында бар білімім мен күш-жігерімді саламын. Бүгінгі күні заңда әртүрлі қоғамның деңгейін тиімді де және сапалы қарым қатынасы үшін барлық жағдай жасалған және де осы мақсатта халық қалаушыларына да айтарлықтай маңызды рөл бөлінген. Менің көзқарасым бойынша ең бастысы біз шеше алмайтын мәселе, біз шыға алмайтын шың жоқ. Ол үшін тынымсыз еңбек ету, жаңа механизмдерді жоспарға енгізе отырып, процестерді бақылау, нақты мақсат қоя білу және де талап ете білу қажет.

Осы аталған мәселелер мен проблемаларды шешуге бар күш-жігерімді жұмсаймын.

Сайлауға біркісідей қатысып, маған қолдау көрсетеді деп сенемін.

Осы аталған мәселелер мен проблемаларды шешуге бар күш-жігерімді жұмсаймын.

Сайлауға біркісідей қатысып, маған қолдау көрсетеді деп сенемін.

Осы аталған мәселелер мен проблемаларды шешуге бар күш-жігерімді жұмсаймын.

Сайлауға біркісідей қатысып, маған қолдау көрсетеді деп сенемін.

Уважаемые избиратели!

Для меня большая честь представлять интересы партии, лидером которой является первый президент независимого Казахстана Нурсултан Абишевич Назарбаев. Активная и действенная поддержка политики главы государства – это выбор народно-демократической партии «Нур Отан» в частности и мой.

В силу своей молодой энергии и креативного взгляда я готов защищать интересы избирателей, достойно их представлять в районном маслихате для дальнейшего улучшения жизни. Если мне отдадут избиратели свои голоса, то я обязуюсь:

Эффективно содействовать исполнению экономических и социальных программ развития района;

Все силы и усилия буду отдавать на поднятие социально-бытового уровня населения села Ақсу-Аюлы;

Бороться против таких негативных явлений, ставших актуальной проблемой сегодняшнего дня, как религиозная обстановка;

Буду содействовать на благоустройство, озеленение с Ақсу-Аюлы, на асфальтирование дороги (на пересечении улицы ЖКУлейменов, асфальтировать дорогу, ставить фонтан на строение детской площадки, в летнее время обеспечить питьевой водой, освеще-

нию внутренних и внешних пересечений улиц) выделению финансовых средств из бюджета;

Буду способствовать в развитии инфраструктур улицы Құмжон: решению проблемы питьевой воды и в зимний период регулярной очистки дороги, построению круговой дороги;

Молодежь - будущее страны, и поэтому все усилия буду направлять для обеспечения работой молодежи; формирование здорового образа жизни молодежи; Поддержать старшекласников школ-гимназии им. Ж.Ақылбаева

школ - гимназии Ы.Алтынсарина, студентов Агротехнического колледжа, талантливой молодежи

жизни из окрестности района (в сфере творчества, искусства, науки, культуры и т.д.) для поддержания проведения свободного досуга; повысить массовость спорта; создать дворовые клубы; привлечь молодых специалистов в село; их обеспечение жильем; нести свой вклад для оживления трудовых десантов «Жасыл ел»; для привлечения студентов и молодежи на сезонные работы;

Поднимать вопросы об экологической ситуации в селе, улучшение экологической ситуации;

А также защищая интересы предпринимателей села, являясь посредником между властными

органами окажу помощь в получении льготных кредитов и грантов областного, районного акимов;

Буду способствовать в решении бытовых проблем молодых специалистов, прибывших по программе «с Дипломом в село» и детей сирот, а так же в организации районных конкурсов, назначения премии районного акима.

Обязуюсь уделять постоянное внимание проблемам ветеранов войны и труда, инвалидов, малообеспеченных граждан. Понимая и оценивая сложность поставленных задач, все свои знания и усилия буду направить для достижения этих задач. Законодательно сегодня предусмотрены все механизмы для качественного и эффективно взаимодействия разных уровней общества и немаловажная роль в этом отведена избранныкам народа. По моему взгляду нет никаких преград для решения любой проблемы. Для этого мы должны неустанно трудиться и включать в план новые механизмы труда, контролировать процесс, умело ставить цель и требования. Я уверен, что мои избиратели окажут мне большое доверие в решении вопросов и проблем, и поддержат мою кандидатуру.

● Ауғанның отты жалыны

КЕЗДЕСУ КЕШІ ӨТКІЗІЛДІ

Ауылдық клуб және ауылдық кітапханамен ұйымдас отырып, интернационалист жауынгерлерді еске алу күніне орай «Ауғанның отты жалыны» атты кездесу кеші өтті. Ауған жеріне аттанып, біразы жат жерде мерт болса, қалғандары елге аман оралды. Сондай азаматтарымыздың бірі, ауылымыздан шыққан Ауған соғысына қатысқан қаһарман ағамыз Бақтыболат Аймұханбетов арнайы ұйымдастырылған кездесу кешіне шақырылды. Кітапхана тарапынан «Ауғанның отты жалыны» атты кітап көрмесі жасалып, ауыл кітапханашысы А.Сауғабекова көрмеге шолу жасады. Отан алдындағы борышын адал атқару жолындағы шейт болған боздақтардың рухына тағзым етіп, бүгінгі бейбіт өмірімізде еліміздің өркендеуінде өз үлесін қосқан ер азаматтарымыз жайында әңгіме жалғасты. Ауған со-



ғысына қатысқан Бақтыболат ағамыз азаматтық, жауынгерлік борыштарын абыроймен орындағанын тілге тиек етті. Отан алдындағы әскери борышын өтеу үшін 1986 жылы желтоқсан айында аттанған екен. Төпсе темір үзетін, бойлары күш қайратқа толы он азаматты іріктеп алып, алты

ай Өзбекстанның Ташкент қаласында оқу-жаттығу курсынан өтеді. Сол жолғы әскерге шақырылған әр ұлттан іріктелген азаматтардың ішінде жалғыз қазақ Аймұханбетов Бақтыболат болды. Бозбала шақтың бақытты күндерін ұрыс даласында өткізіп, аман-есен еліне оралып, бүгінде еңселі отбасы болып отыр. Содан бері еліміз егемендік алды. Төбеміз-де бейбіт аспан, көк туымыз мәңгі желбіреді. Кеш соңында жауынгер ағамыз келер ұрпақтарымызға бақытты өмір, ашық аспан тіледі. Бұдан соң клуб менгерушісі А.Ахметов сөз кезегін алып, кездесуге арнайы келген қонағымыз Ауған соғысының ардагері Бақтыболат Бақтыұлының деніне саулық, отбасына амандық тілеп, ұжым атынан естелік сыйлық табыс етті.

Қызылқой ауылдық клубы мен кітапханасы.

● Салауатты ұлт – салауатты ұрпақ

ШАҒЫН ФУТБОЛДАН ӨТКЕН АУДАНДЫҚ БІРІНШІЛІК

Жұырда аудан орталығындағы балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай 2001-2002 жылы туылған жасөспірімдер арасында шағын футболдан аудандық ашық біріншілік өтті.

Жарыстың ашылу салтанатында ҚР Өнұраны ойналып, Шет ауданы денешынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Ж.Сатибеков, Ақсу-Аюлы балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі директорының орынбасары Д.Бөлкенбаевтар құттықтау сөз сөйлеп, жарысқа қатысушы жасөспірімдерге сәттілік тіледі.

Жарысқа ауданымыздың әр жерінен 9 команда қатысты. Тартысты өткен ойында 1 орынды Ақадыр балалар мен жа-

сөспірімдер спорт мектебінің, 2 орынды Ақсу-Аюлы балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі, ал үшінші орынды тағы да Ақадыр кентінің аталған мектептің екінші командасы иеленді. Жарыс соңында жеңімпаздарға арнайы медальдар мен дип-

ломдар табыс етілді.

Жарысқа төрелік еткен Ақсу-Аюлы балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің жаттықтырушысы Е.Құрманбаев төрелік етті.

Өз тілшімізден.





САЙЛАУ-2016

№11 КӨКТИҢКӨЛІ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ШЕТ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ ТҮСІПОВА ГҮЛДӘРИЯ АЙКЕНҚЫЗЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

ПРЕДВЫБОРНАЯ ПРОГРАММА КАНДИДАТА В ДЕПУТАТЫ ШЕТСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА ПО КОКТЕНКОЛЬСКОМУ ИЗБИРАТЕЛЬНОМУ ОКРУГУ №11 ТҮСҮПОВА ГҮЛЬДАРҒА АЙКЕНОВНА

ӨМІРБАЯН

1963 жылы 5 мамырда Шет ауданының Үңірек ауылында туып, 1980 жылы Шет орта мектебін аяқтап, 1982 жылы бухгалтерлер курсы бітірдім.

1983-1987 жылдары Жезқазған педагогикалық институтында оқыдым.

1987-2008 жылдары Ақадыр кентінің Ю.А.Гагарин атындағы мектебінде орыс тілі және орыс әдебиеті мұғалімі ретінде жұмыс істедім.

2008-2012 жылдары аталған мектеп директорының ғылыми ісі жөніндегі орынбасары болып жұмыс істедім.

2012-2014 жылдары «Балбөбек» бөбекжайының директоры болып қызмет атқардым.

2014 жылдан бастап «Нұршуақ» балабақшасының директоры болып қызмет атқарамын.

Тұрмыстамын. 2 балам бар.



АВТОБИОГРАФИЯ

Родилась 5 мая 1963 года в Шетском районе, село Уңирек. 1980 году закончила Шетскую среднюю школу. В 1982 году закончила курсы бухгалтеров.

1983 году поступила в Жезказганский педагогический институт.

С 1987-2008 года работала учителем русского языка и литературы в средней школе имени Ю.А.Гагарина.

С 2008-2012 года работала заместителем директора по научной работе в школе-лицее им. Ю.А. Гагарина.

С 2012-2014 года работала директором Ясли-сада «Балбөбек».

С 2014 года являюсь директором Детского сада «Нұршуақ».

Замужем. Имею 2-х детей.

Сайлау алдындағы бағдарлама

Құрметті сайлаушылар! «Нұр Отан» партиясы кезектен тыс XVII съезінде «Қазақстан-2021. Бірлік. Тұрақтылық. Жасампаздық» атты жаңа сайлауалды бағдарламасын қабылдады. Ол «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының басты бағыттарын жүзеге асыру аясында өзіндік, бес институционалдық реформа ұсынды. Осы бағдарламада алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу жолы бүкіл қазақстандықтардың бірлескен іс-қимылында жатыр. Сондықтан да партиямыз Қазақстанның барлық азаматтарын бірлікке шақырады. Жаһандық қауіп-қатерлер алдында тек бірлесу арқылы ғана біз дағдарысты еңсеріп, одан әрі қарышты дамуды жалғастырамыз.

Бүгін біздің басты миссиясымыз - қоғамды Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың төңірегіне топтастыру. Оның стратегиялық бағыты дағдарыстан нығайтып және бәсекеге анағұрлым қабілетті болып шығуға жағдай жасайды.

Әлем қауымдастығында әр жыл сайын беделге ие болып, экономиканың гүлденуі үшін, әлеуметтік-экономикалық, экологиялық мәселелерді шешіп, әрбір адамның әлеуетін көтеру қажет. Біздің мемлекет Президенті және «Нұр Отан» партиясының стратегиялық бағытын жүзеге асырып, ескіні жеңіп, жаңа технология мен инновацияға ұмтылу. Тек сонда ғана біз, білім беру, денсаулық сақтау деңгейін көтеріп, Қазақстанның барлық азаматтарының әлеуетін жақсарту аламыз. «Нұр Отан» партиясынан аудандық мәслихат депутатына кандидат ретінде, партияның сайлауалды бағдарламасын басшылыққа ала отырып барлық күшімді, білімім мен тәжірибемді пайдалана отырып, келесі мәселелерді шешуді мақсат етемін:

- Аудан ауылдарының әлеуметтік-экономикалық дамуына белсене атсалысу;
- «Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020»

бағдарламасын жүзеге асыруға атсалысу;

- Ауылдарды абаттандыру жұмыстарының жолға қойылуына, тазалық, жол, су, байланыс бағдарламаларының жасалып, оларды жөндеу, ұстау жолдарын шешу мәселелерін қолға алу;
- Көмекке зәру отбасылар, қарт адамдар, зейнеткерлерге, жалғызбасты, көп балалы аналарға көмек көрсетіп, әйел адамның қоғамдағы мәртебесін көтеруге үлес қосу;
- «Ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту» партиялық жобасының шеңберінде ауыл тұрғындарына отбасылық бизнесті дамытуға қолдау көрсету;
- Мектеп, ауруханалардың материалдық-техникалық базасын нығайту;
- Ауылдық округтердегі тұрғындарға, шаруа қожалықтарына қолдау жасап, олардың тұрмыстық жағдайларының жақсаруына, өнім өндірулерінің артуына, шаруашылықтардың тиімділігін көтеруге көмектесу.

Уважаемые избиратели! Партия «Нұр Отан» на внеочередном XVII съезде приняла новую предвыборную программу: «Қазақстан-2021. Единство. Стабильность. Социальное развитие». Она разработана с учетом основных направлений плана нации «100 конкретных шагов» в рамках реализации пяти институциональных реформ. Как отмечается путь к достижению цели, поставленных в этой программе, лежит через совместные действия всех казахстанцев. Вот почему наша партия призывает всех граждан Казахстана к единству. Только через единение перед глобальными угрозами мы преодолеем кризисные явления и продолжим поступательное развитие.

Сегодня наша главная миссия - консолидация вокруг Лидера нации Нұрсұлтан Назарбаева, стратегический курс, который позволит выйти из кризиса окрепшими и еще более конкурентноспособными.

Предвыборная программа

Республика Казахстан с каждым годом должна добиваться большего признания, авторитета в мировом сообществе, процветания экономики, для этого необходимо решать социально-экономические, экологические проблемы, поднимать благосостояние каждого человека. Для партии «Нұр Отан» особой сферой заботы является здравоохранение и образование.

Являясь кандидатом в депутаты районного Маслихата от партии «Нұр Отан», руководствуясь программой партии, приложу все силы, знания и опыт для решения следующих задач:

- Активно участвовать в социально-экономическом развитии сел;
- оказывать содействие в реализации программы «Дорожная карта занятости-2020»;
- способствовать решению вопросов благоустройства сел и ремонта дорог, налаживания систем водоснабжения и санитарной очистки. Для

исполнения этих целей постоянно акцентировать внимание на необходимость выделения средств при утверждении бюджета района;

- оказывать помощь нуждающимся семьям, пожилым людям, пенсионерам, многодетным, одиноким матерям и поднимать статус женщины в обществе;
- в рамках партийного проекта «Занятость на селе» поддерживать развитие семейного бизнеса;
- оказывать помощь школам, больницам в укреплении материально-технической базы;
- оказывать посильную поддержку сельским жителям, а также фермерским хозяйствам, содействовать улучшению их благосостояния, эффективному ведению хозяйства и увеличению объемов производимой сельско-хозяйственной продукции.

Қамқорлық акциясы

ШАПАҒАТЫ МОЛ ІС-ШАРА

Жақында жылдағы дәстүрге сай Талды жалпы орта білім беру мектебінде «Жүректен жүрекке» атты акция болып өтті. Қай кезде болмасын жаңа бастаманың өрісі кең. Акцияның негізгі мақсаты-мектептегі тұрмысы төмен отбасы балаларына ұстаздар тарапынан көмек көрсету болып табылады. Қазіргі кезде бұл акция жер-жерлерде қызу жүргізіліп, қолдау табуда. Мейірімділік-жаның сусағанда көңіліңе нұр құяр сөуле. Жай ғана жарық емес, үміт шамшырағы. Сол үмітті шын пейілімен сыйлап жүрген жанашыр

жандар ортамызда баршалық. Соның бір айғағы ретінде біздің мектебімізде өзін-өзі тану таңу пәні бойынша «Өзін-өзі тану: Махаббат пен шығармашылық педагогикасы» атты онкүндік іс-шарада «Жүректен жүрекке» атты ұстаздар қауымы қайырымдылық қорын жасақтауға бір кісідей ат салысты. Акция барысында аз қамтылған, жағдайы төмен отбасы балалары, сондай-ақ, барлығы 45 балаға көмек көрсетілді. Шара соңында мектебіміздің тәрбие ісінің меңгерушісі А.Сүйіндіков



акцияның өтуіне ат салысқан ұстаздар қауымына алғысын айтты. Қайырымдылық нұрын сезінген 45 оқушының келбетінен ұстаздарға деген шексіз алғыс пен әсерлі сезімнің табы сезіліп тұрды. Демеуші болған

ұстаздарға алғысымыз шексіз дей отырып, мұндай шаралардың шапағаты мол болары сөзсіз демекпін.

А.ТАКСИМОВА,
өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі.
Талды ауылы.

МЕЙІРІМ СЫЙЛА БАЛАҒА

Жақында Абай атындағы орта мектебінде «Балаға мейірім сыйла!» атты ұранмен «Қамқорлық» акциясы өткізілді. Акцияның алға қойған міндеті - аз қамтылған отбасылардағы оқушыларға көмектесу және балалардың әлеуметтік жағдайлары бойынша мектепке бармауын алдын алу. Бір құптарлығы, бұл акция мектебімізде әр жыл сайын өткізіледі. Арамызда жүрекері мейірімге толы, қамқор жандар баршылық. Биылғы жылы біздің мектебімізге ауыл әкімі Р. Ашенов, ауылдағы «Зарина» жеке меншік дүкені, «Тұрар» жеке

меншік дүкені демеушілік көрсетіп, оқушыларға оқу-құралдары мен киім-кешектер берсе, «Болашақ» жеке шаруа қожалығының иесі М.Бөкіров 10 оқушыны тегін моншаға түсірді. Бұл акцияға мектеп ұжымы да өз үлестерін қосқанын да айта кетуге болады.

Оқушыларға мейірім төккен жандарға алғыс айта отырып, жасаған істеріңіз сауаптан болсын демекпіз..

Ж.ЕСТАЕВА,
әлеуметтік педагог.
Жұмыскер ауылы.

Иманы кемел ел мықты

АДАСҚАҢДАР

Көздерін шел басып, қанталаған қасқырлар, қайта шабуылға аттанды. Сөйтіп, екі күннен кейін, бір еркек келді. Мені өзі некелеп алғанын, Бақдаулеттің қаза болғанын айтты. Төбеме тас түсіп, меніреніп қалдым. Бақдаулеттің жарылғыш затты басып, денесі талқан-талқан болып, ішек қарны ақтарылып өлгенін күле айтып берді. Сөйтіп, менің арымды төкті. Менің де өлгім келді. Бірақ ажалым жерлесім, өз өмірімді қия алмадым. Ойым балаларымда болды. Олардың қайда, нестеп жүргенін білгім келді. Сөйтіп мені осында алып келді, міне бар білерім осы. Ағаң енді жоқ. Біз ешкімге керек емеспіз. Балаларымды тапсам деймін, - деп Күнай жылай-жылай таусылған жастарын сұртты.

- Женге, бізге кашу керек. Білмеймін, бірақ бір амалын тапсақ деймін. - Иә, кашу керек, одан басқа амал жоқ. Балаларымды да, табуым керек.

- Біз қамаулымыз, қайда барамыз, бұл жерді білмейміз. Қайда барамыз?

- Алла көмектеседі, - деп біз жоспар құруға кірістік. Бірақ біз не ойластырсақ та жендеттер ондай ойға мұрша бермеді. Бір үзім нан таппай, қарнымыз аш, екі бұратылған біздің қандай әліміз болсын. Күнде бейбіт ауыл, калаларды қыруға баратын бұлар, өздерімен бірге әйелдерді де ертіп жүреді. Сондай бір кездерде бізді де ертіген жағдай туғанда, босқын халықпен бірге араласып, бізді қашып кетеміз деп ойлады. Бірақ оған Күнай көнбеді. Балаларын іздеп табу оның басты мақсаты болды. Көптеген балалар, қоршалған лагерде еді. Ал ол жаққа тек еркектер ғана барады. Қамауда отырған әйелдерді аттап бастырмайды. Мен тек жалбарынып, дұға етумен болдым. Күнай, мен, қасымыздағы тағы бір екі қыз еркектерге жыныстық қызмет ету үшін, бізді өздері шабуыл жасайтын ауылдарға апарып жүрді. Бара сала, көз алдымызда бейбіт, еш қаперсіз жатқан елге дүрсе қоя берді. Борандатып жарылғыш тастап, адамдарын атып өлтірді. Қыздарын тұтқынға алды, зорлап, абыройларын төкті, ер азаматтарын бастарынан кезеп, кезек - кезек тұрғызып, маңдайларынан миларын шаша, оқ атты. Балаларын бір жерге жинап, оларды да дарға асып қырып салды, қырып салды. Мен ештеңе істей алмадым. Тек көріп қана тұрдым. Сондағы көздері мөлдіреп, бұл өмірді қимай, әлі жарқын өмірлері басталмай қапыда кетіп жатқан жас балаларды көргенде езіліп кеттім. Соншалықты қатыгез, адам емес, тіпті хайуан да емес, адамдарды аяусыз ішек қарнымен талқандап, денесін шашып жатқан оларға қандай азап бар тозақта. Алла оларды жазасыз қалдырмас. Бір сағатта-ақ, ол ауыл жермен жексен болды. Еңіреген ана мен қыздар, баласынан айырылған ана, отағасынан айырылған келіншек, әкесінен айырылған қыздың көз жастары көл болып ақты. Еттері үйренген сол жанкештілердің мұндай жағдайды көңілге де алмайды, тіпті өлтіріп жатып көздері де миз қақпайды. Ауылды қырып, өтірік шейхсымақ біруге келіп есеп береді. Ол адам өтірік уағыздарын айтып, бұларды Жәннаттық деп мадақтайды. Ал, ол адамның басқа жақтан қандай тапсырыс алып, не мақсатпен жүргенін кім білсін. Не керек, бір күні жендеттердің біреуі келді де, арамьздан бірнешеуімізді тандап алды да, қару жарак, жарылғыш заттар сақталатын қоймаға апарды. Қатты қорқып қалған біз, алак-жұлак жан жағымызға

қараумен жүрміз. Сөйтіп тұрғанда Нағашбек келді:

- Күнай, күйеуің шахид болды. Алла жолында қаза болды. Енді сен де Алла жолында қаза болсаң, Жәннатта кездесесіңдер, - деді.

- Алла жолында емес шайтан жолында десенші, Жәннат емес, Тозақ отында жанып жатқан шығар, - деді Күнай жұлқына.

- Жә, жетер. Тамағыннан мына пышақпен осып тастамай тұрғанда, тілінді тарт. Сенде кәпір болайын дегенсің бе? Сен де барасың, ол жаққа. Тек бұл жерде емес, сенің дәм тұзың Түркияда таусылады. Өз өзіңді Алла жолында жарасың!

- Нағашбек, не деп тұрсың. Өзін-өзі өлтіру Алланың алдында күнә. Сен сондай иманды болсаң бұны неге білмейсің. Менің балаларым бар. Мен оларды көруім керек. Оларды тастап кетпеймін.

- Исламды үйрететін сен бе? Бізге үлкен үлкен шейхтар сабақ береді. Құранды тәржімалап береді. Өзіңді солардан үлкенім, білгірім деп тұрсың ба? Біз Алла жолында соғысып, Ислам мемлекетін құрамыз. Құранда «кәпірлерді кездескен жерлеріңде өлтіріңдер» деген аят бар. Жок Құранға да қарсысың ба?,-деген Нағашбектің сөзін бөліп, мен тіл қаттым:

- Нағашбек, сен де Құранды жақсы білемін дейсін ғой. Онда айтшы, сол аяттың алдында қандай, аят келетінін. Білмесең мен айтайын, ол аят Бақара сүресінің 190-193-ші аяттары: «Өздеріңмен соғысқанмен Алла жолында соғысыңдар, бірақ өздерің шапқыншылық жасамаңдар. Алла шапқыншылық жасағандарды ұнатпайды. Оларды кездескен жерде өлтіріңдер, өздеріңді мекендеріңнен (Меккеден) қуғаныңдай, оларды да мекендеріңнен қуыңдар. Зиянкестік соғысудан да жаман. Олар өздері сенімен соғыспайынша, сендер олармен Мәсжид Әл-Харам жанында соғыспаңдар. Егер олар соғыс ашса, онда сендер де өлтіре беріңдер. Кәпірлердің жазасы міне, осы. Егер олар соғысты тоқтатса, (сендер де тоқтатыңдар). Алла - кешірімді әрі мейірімді. Кастандық аяқтап, дін Алланың діні болғанға дейін олармен соғысыңдар. Егер олар (күпірден, соғыстан) бас тартса, зальымдық істеушілерден басқаға дұшпандық жоқ» деп айтылады. Ал бұл жерде бейбіт елді қырыңдар деген сөзді көріп тұрсың ба? Және бұл соғыс Пайғамбарымызға қарсы соғыс ашып, - дедім жаттаған аяттарымызды еске алып.

- Сен тілінді тарт. Білгірімдейсің ғой. Біздің ұстазымыздың шаңына да ілесе алмайсың сен. Сенің күйеуің сені талақ етіп, басқаға берді. Сенің басың бос емес, ал мына қатынның, басы бос. Бұны біз өз мақсатымызға пайдалануымыз керек, - деді Нағашбек менің айтқан аяттарыма мән бермей. Менде бар мүмкіншілікті пайдаланып, Нағашбектің санасына титтей болсын хидаят барсын деп сөзімді сабақтай бердім:

- «Алланың атымен жолға шығыңдар. Алла жолында күресіңдер. Соғысатын адамдарыңмен араларыңда келісімдер бар болса, оны қадағалаңдар. Шектен шықпаңдар, соғыс кезінде өлтірген адамдарға «мүслә» (өлі денелерін тілгілеп, көздерін ойып, мұрындарын кеспендер) жасамандар. Балаларын, әйелдерді, қарт кісілерді, ғибадатханалардағы адамдарды өлтірмендер» деп Пайғамбар да ескерткен. Жихад дегенің қолға қару алу емес, Алла жолында нәпісінді тізгіңдеп, пайдалы іспен ай-

налысу сен сияқты сауатсыздықпен күрес. Алла жолында білім алу, - дедім.

- Жә, жарар. Сенімен салғылауатын уақытым жоқ. Мен сенің айтқандарыңның біріне де сенбеймін. Өз ұстаздарымынан білім алып жүрмін. Алла жолында кәпірлерді өлтіремін, - деді де, Күнайға қарап:

- Балаларыңды аман есен көргің келсе, біздің айтқанымызға көн. Бүгіннен қалмай Түркияға аттана-сын. Анкараға барып, сол жерде жарылыс жасайсың. Кәпірлердің көздерін солай құрту керек, - деді Нағашбек қолындағы қаруын кезеп. Сөйтті де қасындағы тағы бір жанкештілермен Күнайды ұстап алып, оның беліне жарылғыш орналастыра бастады. Көр соқыр бол-ған олардың жан аярлық бірде-бір қасиеттері қалмаған.

- Нағашбек, құлын болайын бұлай жасама, балаларымынан ажырата көрме, қанымыз бір қазақпыз ғой, бір ашуынды бер. Ен құрығанда балаларымыз елге қайтаршы, - деп Күнай шыр-пыр бола жылап, Нағашбектің аяғына жығылды. Қыз демей, әйел демей күш жұмсап үйреніп қалған Нағашбек Күнайды бар теуіп, құлатты да

- Енді бір ауыз сөйлейді екенсің, ажалыңнан бұрын, мына тауықтай миың шашылып, аппақ мойының осылып өлесің. Тез тұр, - деді де, Күнайдың беліне жарылғышты қайта орнатты.

- Сендердің де кезектерің келеді, сен Ливанға, сен Иранға, сен Ауғанстанға барасың, - деді Нағашбек сөзін жалғай жанымыздағы қыздарға қарап. Көздері мөлдіреп, бастары салбыраған олар, тек бастарын ізсеумен ғана болды. Бұл тозақтан осылай құтылармыз деп ойласа керек.

- Ал, сен, туған жеріне барасың, - деді маған қарап. Мені босатады деген ой елең беріп, қуанып кеткен мені көрген ол қайта сөзін сабақтай,

- Алматыға барып, сол маңда жарасың өзіңді, - деді. Жүрегім зыр ете қалды. Елім, жерімді сағынып жүргенде оларға қиянат жасауға қалай дәтім барады. Қанша бейкүнә адам қырылады. Қанша ана баласынан, баласы ата-анасынан, ағасы қарындасынан, інісі ағасынан айырылады. Бейбіт елдің қанын ішкенде не пайда бар.

- Нағашбек сендей тас жүрек адамды көрмеппін. Қазақстан сенің де Отаның ғой. Өз еліңді қиянатқа қалай қимақсың. Сенің де артыңнан іздеп жүрген туыс, бала шаған бар емес пе?, - дедім мен де еңіреген күйде.

- Менің елім енді осы жер. Ислам қайда мықты болса мен де сондамын.

- Ислам, ислам дейсің бе, сендер исламның «и» әрібіне де татымайсыңдар ғой. Құранды білем дейсің, білсең мына сүренің мынаншы аятында не жазылған. Осыны тәпсірлеп берші. Нағашбекте үн жоқ.

- Білмесең айтайын, бұл аятта бейбіт елді қырымдар.....

Нағашбек пен қасындағы нөкерлер бізді қарумен кезеп, алдың ала дайындалған, көлікке отырғызды. Сөйтті де артымызға қарапастан, ала кетті. Балаларын қимай, Күнай да жылай-жылай жасы таусылды. Сөйтіп Түркияға жеттік. Біздің кім екенімізді олар қайдан білсін. Белдеріне келетін сақалдарын қырып, тап-тұйнақтай киініп, түрік азаматы болып алған олар бізді өз әйелдері деп таныстырып, шекарадан тым-тырыс өте барды. Солай Анкараға жеттік. Күнайды мәдениет үйіне баруға дайындап, жарылғышын іске қосты. Бір сағаттан кейін күлді көкке ұшатын сарайға қимақтықпен көз тастап, мені қатты бір құшақтады да, артына қарай қарай жетпем кете барды. Беліне орнатылған жарылғышты оның аяғы ауыр секілді көрсетіп, құлағына тыққан құлаққапты киіп кете барды. Мен де артынан жылап қала бердім. Бір кезде, қасымдағы түрік азаматы қолындағы рацияға қарап, жарылғышты іске қосты да, артынан «сенің балаларың әкесімен бірге ажал құшқан, сенде солардың жанына бар» деді де, жарып жіберді. Мен көз алдыма болған жарылғысты көріп шошымдым ба, жоқ, «балаларың өлді» дегенді естіп, сол кезде Күнайдың қандай сезімде болып ажал құшқанынан секендім бе, бір орнымда тапжылмай тұрып қалдым. Мәдениет сарайы отқа оранып, адамдардың тапырай қашып, бір-бірлерін таптап, біреу-інің басы жоқ, біреуінің, аяғы жоқ, енді біреуі қолына қан жоса болған баласын құшақтап ары бері жүрген адамдарға қарап тұрып қалдым, қолымнан ештеңе келмеді, - деді де Қарашаш екі алақанына қарай, еңіреп тағы жылады. Сұлу-

шаш сіңілісін құшақтап, жұбатты. Жиналған жұрт көз жасына ерік беріп, бастарын шайқап жатты. Ешкімде үн жоқ. Бәріне Қарашаштың қалай қашып құтылғаны маңызды болып тұрды. Қарашаш бұл жолы еркін тыныс алып, даусын қатқыл шығара ары қарай әңгімесін жалғастырды:

- Анамды бір көрсетпей жанымды ала көрме деп мен Аллаға жалбарындым. Алланың менің дұғамды қабыл алатынына сендім. Өйткені Алла өте пәк, тәубелерді қабыл алушы, мейірімді. Ал, Сирияны талқандаушылардың жазасын өзі береді. Жүрегіме қатты соққы алған мен, есімді жоғалтқандай, тек солардың айдауында жүре бердім. Олар маған қанша аз-ғындық көрсетіп, арымды таптап жатса да, ешбір сезімге берілмей, жансыз денем ғана жүрді. Сөйтіп Стамбұлға келдік. Көлікте мен және екі жанкешті бар. Стамбұлдағы аты әйгілі көпір үстімен өтіп бара жатқанда, Аллаға іштей жалбарынып келе жаттым. Алла менің дұғамды қабыл алды білем, көпір үстіне келгенде көлік бұзылды да қалды. Екі жанкешті көліктің алдыңғы бөлігін ашып тексеріп жатқанда, «тезірек қаш» деген дауыс естілгендей болып, ойыма осы Стамбұлда оқып, біраз жерді біліп қалғаным есіме түсті де кетті. Көлік есігін ақырын ашып, екі жендетке білдірмей, артқы жаққа барып тығылдым. Сөйтіп зулап-зулап өткен көліктердің арасынан өтіп, шет жаққа өтіп, көпірдің жиегіне шығып, секіріп кеттім. Иә, өзендегі суға секіріп кеттім. Бірақ ары қарай не болғаны есімде жоқ. Мен тек бір аурухана төрінде ғана ояндым. Менің түрік тілін жетік білетінімді пайдаланып, ол жерде он шақты күн ессіз жатқанымды білдім. Мені өзенде қайғығыммен кетіп бара жатқан азаматтар құтқарып қалса керек. Менің бар жағдайымды білген олар, Түркия және Қазақстан елшілігімен сөйлесіп, мені аман есен осы маңға жеткізді, - деп әлсін-әлсін дем алған Қарашаш қара көздерін ұзағынан жұмып тұрып:

- Оралдым ғой, Отанымға. Қазақ елі сондай бейбіт, таза халық. Елін сатқан, анасының қарғысына ұшыраған Бақдаулет деген бір пенденің өлімін жеткізіп, одан қалған екі баласы мен жан жарының да өмірлері қиылғанын айтып келдім. Анамды да көрдім, әпкемен де табыстым. Енді Алла жанымды алса да өкінбеймін, - деп жылай кетті. Көз жасы көл болған ел, гүбір-қүбір етіп, бұларға басу айтып жатты.

- Иә, жаным-ай, өміріңді өксітіпті ғой, қор болдың-ау, сайтанға, соншама жауыздық қалай іштеріне сыйған екен, бір отбасы жойылды-ау, ай қайран боздақтар-ау, -

десті. Тек жанадан бері қызының басынан өткен хикаяларды үнсіз тыңдап, жүрегі қарс айырылып отырған Айғаным ғана басын көтеріп, қызын жаңа ғана көргендей көзіне іркіліп келген жасты бос жібере, дауысын шығара қызын құшақтап жылап жіберді:

- Қарағым-ау, сенің бұндай күйіңді көрмей кеткенім жақсы еді ғой. Сенің өміріңнің астаң-кестенін шығарған ұлды қарғыс атсын. Не істеді саған. Сенің бұлай қиналғаныңды көргенше мына көзіме шел біткені игі еді. Жарығым-ау, кішкентай ғана балапаным. Сені қинаған айуандардың орны Тозақ болсын, - деп қызын құшақтап, сүйе берді, сүйе берді. Мән жайды ұққан ел, жұп-жұп болып тарасып, жөңдеріне кете барды. Үйде сонып Айғаным мен екі қызы қалды. Үшеуі бірігіп намаз оқыды. Құшақтасып ұзақ отырды. Анасына екі қызы еркеледі, мандайларынан сүйісті. Әлсін-әлсін демалып, шаршанып болып жүрген Қарашаш Сұлушашқа:

- Әпке, анам сізге аманат. Оған жақсы қарағысыз. Менің күйім мынау. Сіз ғана анама медеу бола аласыз. Оған баласының опасыздығын, кенже қызы Қарашашының сор болған өмірін ұмыттырыңыз. Сізге аманаттайтын, -деген болатын. Сөздерінің мәнісін Қарашаштың өмірден түңіліп кеткеннен айтқаны деп түсінген Сұлушаш тек өз тартып, басын изеген еді. Қарашаштың сөзінде көп жатқанын да, оның Алладан тек кешірім тілеп отырғаны деп топшылады. Бірақ бұл кезде Қарашаштың жанымен қоса жүрегі де сыр беріп, әкесі кім екенін білмеген сәбиінен айырылып, түсік тастағаннан кейінгі ағзасы асқынып, әлі құрып, әрең тыныс алып жүріп, соңғы рет намазын оқып жатқанда, жанын әзірейіл періште алдекашан алып кеткенін байқағандығын. Тек түннің бір уағына ғана келгенде, сіңілісінің сөзінде тұрмауы күдік тұғызғанда ғана, дыбыс білдірген оған ешқандай жауап болмағанын біліп, көкірегі қарс айырыла, жерде жатқан сіңілісін құшақтай жылады. Бөлмесіне дем алсын деп ұйықтатып қойған анасының да, қызының қайғысын көріп, жүрегі шыдамай ақырғы демі таусылғанын Сұлушаш тағы байқамады. Жүрегі шымырлап, анасы да тып-тыныш жатқанын сезген Сұлушаш сұлқ түсіп жерде отыра берді, отыра берді... «Бір отбасы талқандалып өмірден кетті. Кім кінәлі?»

Мұхит ЖАРЫМБЕТОВ, Қарағанды қаласы орталық мешітінің ұстазы.

ҚАЗАҚТЫҢ ШЫНАЙЫ МҰСЫЛМАНДЫҒЫНЫҢ ДӘЛЕЛІ

Қазақ халқының мақал-мәтелдерінен, ел аузында жүрген сөз оралымдары мен өлең шумақтарынан имани ұғымдар мен ұстанымдардың жарқын мысалдарын таба аламыз. Мұның өзі Алаш жұртының салт-санасының, ақыл-ойының асыл діннен ажырамағандығын көрсетеді. Мысалдармен келтірсек: Хадис: «Алланың атымен басталмаған әрбір маңызды сөз бен іс шолпақ» (Әбу Дәуіт, Ахмет Әбу һурайрадан (ра) риуаят еткен).

Қазақ мақалы: «Сөздің басы бісімілпә, бісімілпәсіз іс қылма». Құран Кәрімде: «Мақтау-мадақ әлемдердің Раббысы Аллаға тән» (Фатиха сүресі, 2-аят).

Қазақ мақал-мәтелдері: «Кірсіз - ай, мінсіз - құдай»; «Ей, айташы, Алланы айт».

Хадисте: «Қайда болсаң да Алладан қорық» (Термези риуаят еткен).

Қазақ мақал-мәтелдері: «Халықтан ұял, Құдайдан қорық»; «Құдайдан қорықпағаннан қорық».

Хадисте: «Бірдеңе сұрасаң, Алладан сұра. Жәрдем тілесең, Алладан тіле» (Термези риуаят еткен).

Қазақ мақал-мәтелдері: «Алладан сұрағанның екі бүйірі шығады, адамнан сұрағанның екі көзі шығады»; «Аллаға сиынған құстай ұшады, адамға сиынған мұрттай ұшады».

Құран Кәрімде: «Әлемдердің Раббысы Алла қаламаса, қалай алмайсыңдар» (Тәукир сүресі, 29-аят)

Қазақ мақалы: «Адамның дегені болмайды, Алланың дегені болады».

Құран Кәрімде: «Оған (Аллаға) ұқсас ештеңе жоқ! Әрі Ол - Естуші һәм Көруші!» (Шура, 11).

Мәшһүр Жүсіп иләһи сипаттар туралы былай деген:

Ол - Алла жисм, жауһар, ғариз емес, Боларға басқа басқа бөлектенбес. Алланы еш нәрсеге ұқсатуға, Еш нәрсе Оған ұқсас жөні келмес. Бар Құдай көкте де емес, жерде де емес.

Мекенін бір Алланың ешкім білмес. Құран Кәрімде: «Қандай да бір жапырақ жерге түспесін, (Алла) оны да біледі...» (Әнғам сүресі, 59-аят).

Қазақ мақалы: «Құдайсыз қурай сынбас»; «Тағдыр - Тәңір ісі».

Құран Кәрімде: «Ешбір жан ертең не істейтінін білмейді, ешбір жан қашан өлетінін білмейді» (Лүқман сүресі, 34-аят).

Қазақ мақал-мәтелдері: «Алдағыны Алла біледі»; «Өлім айтып келмейді».

Хадисте: «Қаламдар көтерілді, парактар күйіп кетті (яғни тағдыр тақтасына бәрі жазылды)» (Термези риуаят еткен).

Қазақ мақал-мәтелі: «Қуған жетпес, бұйырған кетпес»; «Тағдырдан қашып құтыла алмайсың».

Құра Кәрімде: «Алланың рахымынан күдер үзбездер...» (Зүмәр сүресі, 53-аят).

Қазақ мақал-мәтелдері: «Үмітсіз шайтан»; «Күнне тоқсан пәле көрсен дағы, Сонда жа күдер үзбе бір Алладан»;

Дін мен дәстүр.





● 1 наурыз – Алғыс айту күні

Кенттегі мерейлі мереке

Өткен жылдың сәуір айында Қазақстан Халқы Ассамблеясының Мәңгілік ел, бір ел, бір тағдыр тақырыбымен өткен жиырма екінші сессиясындағы ашылу салтанатында сөз сөйлей отырып, Елбасы Н.Ә.Назарбаев халықтардың түгелдей жер аударылғанын еске алған еді. Сталин режимінде әр жылдары жан жаққа жер аударылып әр ұлттың тағдыр тәлкегіне түскені белгілі. Оларды әр бағамдардан ауылдарға тастап кете берді. Олардың еш дүниесі болған жоқ. Сол уақытта бұл далада өздері мұқтаж бола отырып, оларды саман үйлеріне қабылдаған қазақтар, қазақ отбасылары ғана өмір сүрді деді. Елбасы. Міне, осылайша мемлекет басшысы өзінің шешімімен Алғыс айту күні мерекесі мәртебесін беруді ұсынған болатын. Қазақстан Халқы Ассамблеясының құрылған күні деп бірінші наурызды алғыс айту күні деп жариялады. Бұл күн барлық ұлттың бір біріне және осы адамдарды қабылдаған, аяушылық білдірген қазақтарға алғыс айту күні. Бұл күні адамдар бір біріне қуаныш шаттық сыйлайды. Өз жетістіктерімен бөліседі бір біріне алғыс

айтады. Алғыс адамның адамға жасаған жақсылығы, көмегі көңілі үшін ризашылық білдіруі. Осы атаулы мереке қарсаңында Ақадыр кентіндегі С.Сейфуллин кітапханасында мерекелік іс шара аталып

атынан Ахметов Нұрқайдар ақсақалға дәл бүгінгі күн сексеннің сегізінше шыққан күнімен құттықтап, қазақы жоралғымен иығына жапан жапты. Сондай-ақ, М.Мәметова атындағы жалпы білім беру орта мектебінде еңбек еткен зейнеткер ұстаз Күләш Махмұдова, "Нұршуақ" балабақшасының үздік тәрбиешісі Райля Радифовна Азнабаева, Транстелеком мекемесі атынан Резяпова Надежда Афанасьевна және Басуева Валентина Александровна, ЮГА-аграр мектеп лицейі атынан Дроздова Антонина Ивановна, Шет аудандық медицина бірлестігінен Крипак Любовь Владимировна, пошта байланыс торабы атынан Аманкүл Жазыбекова, Қарлығаш Төлеуова, Ә.Ермеков атындағы мектептің есепшісі Загира Қалмағанбетова, "Балбөбек" балабақшасының аспазы Сара Тамабаева, Ш.Бейсекқызы атындағы мәдени-сауық орталығынан Гүлтайхан Төлеубековаларға мекемелер атынан құрмет көрсетілді. Мереке соңында Ш.Бейсекқызы атындағы мәдени-сауық орталығының өнерпаздары өнер көрсетті.



өтті. Жиынға өз ісінің майталмандары мен кент тұрғындары қатысты. Ашылу салтанатында кент әкімінің орынбасары Қ.Бекқожин құттықтау сөз сөйледі. Мұнан кейін әр мекеменің үздіктері марапатталды. Атап айтқанда, Ақадыр айналым депосы

Мереке соңында Ш.Бейсекқызы атындағы мәдени-сауық орталығының өнерпаздары өнер көрсетті.

Өз тілшімізден.

Құрмет көрсетті

Биылғы жылы алғаш тойланып отырған Алғыс айту мерекесі күні Ақсу-Аюлы ауылдық округі маманы Ж.Жұматаев, аудан әкімі жанындағы әйелдер ісі және отбасылық демографиялық саясат жөніндегі төрайымы Р.Төлегенова, жастар ресурстық орталығының директоры С.Ахмедия, осы мекеме маманы М.Қанжановтар аудан орталығындағы Ұлы Отан соғысының ардагері М.Ақажанов пен

карт ұстаз Ш.Жұқанов, көп балалы алтын алқа иегері М.Ұлтықеевалардың үйлеріне арнайы барып, мерекемен құттықтап, сыйлықтар тарту етті. Кездесуде ардагер ағалар өздеріне құрмет білдірген жандарға алғыс айтып, ақ баталарын берді.



● **Қайырымдылық – асыл қасиет**

Тегін дүкен ұйымдастырылды

Көңілі дархан даладай болған халқымыз қашан да кеңпейілділігімен дараланған. Жақында алғыс айту мерекесіне орай республика бойынша қолға алынған «Асар», «Жылу» қайырымдылық акциясы біздің ауданда аталып өтті. Соғыс ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүмкіндігі шектеулі жандарға, табысы төмен, әлеуметтік аз қамтылған және көп балалы отбасыларға тегін әлеуметтік көмек



көрсету тұрғысында ауданның Жастар ресурстық орталығын-

да «Тегін дүкен» атты акциясы ұйымдастырылды. Акция аясында ауданның мекеме, ұжымдары, ауыл тұрғындары және жеке кәсіпкерлер киім-кешектен, азық-түліктен көмектерін көрсетті.

Акция барысында аудан тұрғындарынан және мекемелерден жиналған материалдық көмектер аз қамтылған отбасы балаларына таратылып берілді.

Жастар ресурстық орталығы.

● **Спорт**

АРДАГЕР МАРАФОНШЫ



Үстіміздегі жылдың 21 ақпанында Ресейдің Екатеринбург қаласында "Снежный марафон

России" марафоншылар жарысына жерлесіміз, марафоншы Жаманбек Төлеутай ағамыз қатысып, 42 шақырым жүгіруден 4 сағат 17 минутта келді.

Ағамыз мұнан бұрын да әр түрлі деңгейдегі халықаралық жарыстарға қатысып, жүдделі орындарға ие болғанын көпшілік біледі. Барлығы осындай жарыстарға елу рет қатысқан екен. "Жеңістің 65 жылдығына орай Қарағанды-Мәскеу аралығын (3 700 шақырым), XIV Азия чемпионатына да қатысып, Үндістан еліндегі Бангатор қаласындағы марафонға қатысып, жүдделі орындарға ие болған.

Ағамыз редакциямызға арнайы келіп, бізбен өзінің қуанышымен бөлісе отырып, Қарағанды қаласындағы "Карот" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директо-

ры В.А.Нефедоваға, аудан әкімі Рысқали Қалиақбарұлы Әбдікерем және денешынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Ж.Сатибековке демеушілік көрсеткендері үшін алғыс айтуды бізге аманаттап кетіп еді.

Алғысын аталған азаматтарға газетіміз арқылы жеткізе отырып, зейнет жасында болса да спортты өзіне серік еткен ағамызға алдағы уақытта да халықаралық жарыстарда еліміздің туын биіктен желбіретіп, жеңіс тұғырынан көріне беріңіз демекпіз.

М.ДӘУЛЕТБЕКҰЛЫ.

● **Мезгіл мәселесі**

КӨРНЕКІ АҚПАРАТ ПЕН ЖАРНАМАДАҒЫ - МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

Күнделікті ауыл, аудан көшелерінде көптеп кездестіретін ақпараттық хабарламаларды «ақпараттық жарнама» деп ресми түрде атау қолданысқа енгізілген.

Жарнама-табыс табудың негізгі көзі болғандықтан, бүгінгі нарық заманын жарнамасыз елестете алмаймыз, әрі жарнама теледидар арқылы да, газет беттерінде де үнемі насихатталып тұрады. Ал осы жарнама мәтіндерінің түсінікті болмай тұрғандығы - жарнама тілінің дұрыс қалыптаспай келетіндігінен. Қазіргі жарнамаларға тән ортақ кемшілік олардың алдымен орыс тілінде дайындалып, содан соң мемлекеттік тілге дұрыс аударылмауында, өкініштісі сол орыс тілінен аударылған, көрнекі ақпарат пен жарнама тілдерінен қазақ тілінің нормасы мен ұғымына сәйкестендірілмей калька (көшірме) дәрежесінде ғана болатындығы.

Көрнекі ақпараттардың адамның қоғамдық санасына әсер ететінін ескерсек, оның тілі де, сауаттылығы мен ұғымдылығы заңнама талаптарына сай ресімделуі аса қажет.

Көптеген жарнама мәтіндерінің тіпті эстетикалық талаптарға да жауап бермейтіндігі көңілге қона бермейді. Оның себебі жарнама берушілер тек коммерциялық мақсатты көздейді де, тілдік талапты кейінгі орынға қояды. Сөйтіп, жарнама мәтіндерінің коммуникациялық факторлары назардан тыс қалады. Қате жазылған жарнама сақау адам тәрізді.

Жарнама жаңалықтың негізгі жаршысы болуымен қатар насихат пен тәрбие құралы, сондықтан жарнама тілін реттеуді қоғам болып қолға алуымыз қажет. Аудан төңірегінде орналастырылған кейбір ақпараттық жарнамалардың заман ағымына сай ауыстырылып отыруы өте баяу жүрде, кейбірінің дизайны ескірсе, қайсыбірінің мазмұны өзектілігін жоғайт, кейбір жарнаманың қолданыста өте ұзақ мерзімде болғандығынан, конструкциясы тозған, яғни қауіпсіздік талаптарына жауап бермейді.

Көрнекі ақпарат пен жарнама ілушілер елді мекендерді аббаттандырудың кешенді бағдарламасы талаптарына сәйкес жана технологиялар бойынша жасалынатын жарнама материалдарын қолданысқа енгізіп, ескірген конструкцияларды ауыстыру қажет.

Жарнама мемлекеттік бағдарламаны орындаудың мақсатты индикаторларының бірі болып саналады. Аудан көлемінде ҚР «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» заңының 21 бабы мен ҚР «Жарнама туралы» заңын басшылыққа ала отырып, бұл тұрғыдағы жұмыстарды жандандыру мақсатында істер қолға алынуда.

Осы бағытта «Тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2014-2016 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының» бір тармағы- елді мекендердегі көрнекі ақпарат пен жарнаманың ҚР «Қазақстан Республикасындағы Тілдер туралы» және «Жарнама» туралы Заңдарына сай орналасуын, жазылуын, сауаттылығын бақылау, талаптарына сәйкестігін ретке келтіру болып табылады. Жарнама мен көрнекі ақпараттың дұрыстығы (жалған ақпарат болмауы) мен тілдік талаптарға сай

келуін Қазақстан Республикасының «Жарнама туралы» Заңы және «Тілдер туралы» Заңы реттейді. ҚР Тілдер туралы Заңының 21 бабы бойынша, сыртқы жарнаманың орналасу тәртібі мемлекеттік тілде - сол жағында немесе жоғарғы жағында, орыс тілінде - оң жағында немесе төменгі жағында орналасады. Жарнама мен көрнекі ақпарат мәтінінің бірдей өлшемдегі әріптермен жазылмауы, мәтіндердің өзге тілден мемлекеттік тілге дұрыс аударылмауы, көптеген грамматикалық, орфографиялық, лексикалық кателерге жол берілуі секілді жағдайлар заң бұзушылық болып есептеледі.

Шет ауданы бойынша көрнекі ақпарат пен сыртқы жарнаманы орналастыру кезіндегі ережелерін түсіндіру, заң талаптарына сай рәсімделуін қадағалау және жарнама, көрнекі ақпараттардың ахуалын саралау бойынша рейд жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында аудан әкімдігі жанынан жұмыс тобы құрылып, өткен жылы 2 рет «Көрнекі ақпарат пен жарнамаға - сауаттылық» атты рейд өткізілді.

Рейд барысында 133 нысан қамтылды, барлық жеке меншік иелеріне «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» №151 заңының 21 бабы мен Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 19 желтоқсандағы «Жарнама туралы» № 508 Заңын түсіндіру мақсатында методикалық көмек берілді.

Алысқа бармай-ақ аудан ба-сында орналасқан «Бақ» сауда орталығындағы дүңгіршектерде тауарлар «бытовая фурнитура, мебель на заказ, бытовая техника, пластиковые окна» деп тек орыс тілінде жарнамаланған. Жеке кәсіпкерлер «орыс тіліндегі атаулар тұрғындарға түсінікті, әрі өзімізге осы ұнайды»- деген пікірлерді алға тартады, ал Қазақстан Республикасының «Жарнама туралы» Заңы және «Тілдер туралы» заңдарының талаптары бұзылып жатқанымен ешкімнің жұмысы жоқ. (ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 455 бабы).

Қазіргі кезде бөлімде көрнекі ақпарат пен жарнамаларда мемлекеттік тілдің дұрыс қолданылуын қамтамасыз ету мақсатында ашылған www.elicense.kz порталы жұмыс істейді. Үстіміздегі жылдан бастап аудан көлемінде келісім парағы берілмеген көрнекі ақпараттарды орналастыруға тиым салынады, әрі заңсыз орналыстырылған болып есептелінеді. Сондықтан, жанадан көрнекі ақпараттарға тапсырыс бермес бұрын алдын-ала «Жарнама» агенттіктерінен жобасын (эскизін) әкеліп, ауданның ішкі саясат, сәулет және қала құрылысы, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімдеріне тексерту қажет.

Ендеше, тілдік мүддеге қызмет етіп, ертенгі ұрпақты түсінікті, сауатты, көркем жарнамамен тәрбиелеуге өз үлесін қосу-әр адамның азаматтық борышы. Сондықтан, жалт еткен жарнамаға немқұрайлы қарамайық, оның тілінің талап-қа сай болуына мүдделілік танытайық.

Г.МАХМУТОВА,
ауданның мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы.

Еске алу

Ақсу-Аюлы ауылының тумасы, ағайын-туыстың жанашыры, қадірлі құдамыз **Қыдырбай Әлімқұлұлының** фәни дүниеден бақиға озғанына наурыз айының 25 жұлдызында бір жыл толмақ. Жанында бірге жүрген, бірге күліп мұңайған, сырлас, қимас құдамыздан қапыда айырылып қалғанымыз тіпті де өкінішті. О бастан өлмек айқын. Бұл пәниде темір өзекті пенде жоқ. Өлмес адам елде жоқ. Өлімнен өтер өткел де жоқ. Бірақ төрге шықса төбедей, төбеге шықса төредей, жақын мен алысты бірдей тең көрген, елінің жігері, отбасының тірегі бола білген Қыдырбай ағаны өлімге қию да, енді арамызда жоқ дегенге сену де қиынның қиыны. Немерелерінің сүйікті атасы болған ардақты жанның арамызда жоқ екенін сезгенде өкінісін, өзегінді өрт шалғандай өкісің, амал не, Алла ісіне шара жоқ көндігесің. Өзінің жұғымды, жайдары мінезімен баршаға қадірлі еді. Қолдан келері қол жайып, дұға бағыштау. Ардақты Қыдырбай ағаның жаны жәннатта болып, қабіріне Алланың нұры жаусын демекпіз.

Жаратылған қонақ болып өмірге, Істеген ісің, ақылың үлгі өнеге. Қимаймыз, амал бар ма жазмышқа, Арқа сүйер алынбас асқар тауы биік шың, Өлі талай өзінді сағынады ұрпағың.

Өтіп жатыр өмірдің жаз, көктемі, Біздер үшін күніміз ең көктегі Тағдырға қайткенде де бағынамыз, Еске алып айтылады лағыл аңыз. Дүние жалған біреуге ерте, біреуге кеш Өмір заңы солай болса қайтеміз.

Рухына бас иіп, еске алушылар: құда-құдағы - **Аманкелді-Салтанат, Ахметжановтар отбасы.**



Еске алу



Аяулы ана, сүйікті жар, Жұмыскер ауылының тұрғыны болған **Түсіпова Бота Мұхамедияқызы** тірі болып ортамызда жүргенде наурыз айының 5-ші жұлдызында 50 жасқа толар еді. Бар жоғы 46 жасында кенеттен дүние салған Бота Мұхамедияқызы Тағылы ауылында дүниеге келіп, аз ғана ғұмырында Абай орта мектебінде мұғалім, тәрбие ісінің меңгерушісі, Төменгі Қайрақты мектебінің директоры, сонымен қатар аудандық Мәслихаттың депутаты болып халқына қызмет етті.

2011 жылдан бастап өзі туып-өскен Жұмыскер ауылы, Тағылы ауылдық округінде өкім болып тағайындалып, өмірінің соңына дейін бар күш-жігерін, білімі мен қажыр-қайратын ауылының гүлденуі мен жанаруына арнап, аянбай еңбек етті. Аз ғана ғұмыры мен еңбек жолында артында өшпес із қалдырып, еске ала жүрердей еңбегімен еленген Бота отбасында да адал жар, аяулы ана бола білді. Еңбегінің жемісі мен ұядан енді ұшқалы отырған үш балапанының қызығын енді көрер кезінде аяқ астынан дүние салған Ботаны бүгінде барша ауылы мен ет жақын туыстары, еңбек жолында бірге қызмет еткен жора-жолдастары қайғырып, сағынып еске алады.

Оралмайтын алыс-алыс сапарға, Атандың сен бізді тастап жан ана. Жаутаң қағып қала берді үш балаң, Жансыз сурет ілулі тұр тек қана.

Келмей тұр ғой бұл өмірдің сөні де, Сенсіз болған қуаныштың мәні де. Кім бар екен бұл жалғанда өзіндей, Сен сияқты түсінетін жанымен.

Мекенің жұмақ, жаның жәннатта болсын.

Еске алушылар: **ата-енесі**, жұбайы - **Жанас**, балалары - **Бекжан, Тоған, Бауыржан.**

№0001

АС БЕРЕМІЗ



Ортау ауылының тумасы, Ақадыр кентінің тұрғыны, ардақты да аяулы асыл әкеміз **Жақыпбаев Құрманбай Рахметұлының** өмірден озғанына 2016 жылдың 5-ші наурыз күні 40 күн толады. Ардақты әкемізді еске алып, жатқан жері жарық, топырағы мамық болсын деп, рухына құран бағыштап 40 күндік асын береміз.

Сағынышпен еске алушылар: жұбайы-**Айман**, бауырлары, балалары, немерелері.

Марқұмның 40 күндік асы наурыз айының 5-ші жұлдызында Ақадыр кентіндегі «Серік» дәмханасында сағат 13.00-ден бастап беріледі.

Бір себептерге байланысты хабарласа алмаған жағдайда осы хабарлама бойынша туған -туысты, құда-жекжатты, көрші-қолаңды, ауыл тұрғындарын, жора-жолдастарды, қайғымызға ортақ болған қауымды 40 күндік асына шақырамыз.

№0003

Открыто наследственного дела после смерти Холод Виктор Андреевич, умершей 02.10.2015 г. Заинтересованные лица могут обратиться к нотариусу Султановой Г. по адресу Карагандинская область, Шетский район, пос. Агадырь, проспект.Абая, дом 31.

№0002

Открыто наследственного дела после смерти Холод Анна Васильевна, умершей 11.12.2015 г. Заинтересованные лица могут обратиться к нотариусу Султановой Г. по адресу Карагандинская область, Шетский район, пос.Агадырь, проспект.Абая, дом 31.

№0002

Еске алу

С.Сейфуллин кентінің тұрғыны болған ардақты әке, немере, шөберенің сүйікті атасы **Қайролла Ысқақұлының** фәниден бақиға озғанына наурыз айының 23-і жұлдызында 1 жыл толады. Әке-асқар тау деп бекер айтылмаған, басына қиын іс түскенде демеу беріп, әкелік күш қайрат беретін адамын болса қандай жақсы. Ардақты әкемізді ер жеткізіп, өмірден өз орнымызды адаспай табу үшін жаны ауыратын әкеміздің абыройлы істері, азаматтық бейнесі жүрегімізден өшпес емес. Әкелік асыл бейнесін сағына еске алып, рухына дұға бағыштаймыз. Топырағың торқа болсын, асыл Әке. Екі дүниенің нұрына шомылып, рухың пейіштің төрінде шалқысын.

Тәрбиенді көріп естік жасымнан Ешкім сендей сипамаған басымнан. Түсіне алмай қалдық әке артыңда, Кетуінде болды - ау бізге тосыннан.

Алла салды басымызға сынақты, Жиі еске алсын деп пе жылатты. Қайғысы мен қызығы көп өмір -ай Бірде көтеріп, бірде жығып құлатты.

Торқа болсын мамықтай топырағың, Қабіріңе жағылсын шамшырағың. Жебей жүрсін асыл жар, ардақты әке, Артта қалған біздерді әруағың.

Еске алушылар: жұбайы - **Раушан, балалары, немерелері, бауырлары, туған-туыстары.**

Марқұм әкеміздің жылдық асы С.Сейфуллин кентіндегі «Сары-Арқа» дәмханасында 19-шы наурыз күні, сағат 11.00-ден бастап беріледі. Асқа туған-туыс, құда-жекжат, көрші - қолаң, дос-жаранды шақырамыз.



Еске алу

Асылдың сынығы еді

“Жігіттің жақсысы нағашыдан, үйдің жақсысы ағашынан” деген қазақтың даналық сөз төркіні тереңде жатқаны шындық.

Адам баласының үш жұрты бар екені белгілі. Соның ішіндегі жанашырың, тілеулесің, тірегің нағашы жұртың екені даусыз. Осы орайда айтайын дегенім менің нағашым **Аманғали (Амангелді) Қосыбаев**. Ол кісі 1937 жылы 8-ші наурызда Сарыоба жеріндегі Байшегір колхозында дүниеге келген. Бастауыш мектепті Жалпақсаз қыстағында оқып, Шолоақеспен елді мекенінде 6-7 сыныпты ағайынның қолында Айғыржалда оқыпты. Бұл 1953 жыл екен. 8-9 сыныпты аудандағы Ы.Алтынсарин мектебінде интернатта жатып оқиды. Мектепті бітіргеннен кейін 1956 жылы тракторшы, комбайншы мамандығын бітіреді. Бірнеше жыл ауыл шаруашылығында табысты еңбек етті. Еңбек ете жүріп комсомол хатшысы болады. 1967 жылдары Орджоникидзе атындағы малшы болып еңбек етеді. Бірнеше рет ауылдық және аудандық советтің депутаты болып сайланады. Ерен еңбегі еленіп, “Еңбектегі ерлігі” медалінің иегері атанады. Бірнеше мәрте облыстық, аудандық грамоталармен марапатталған.

Шешеміз Сембайқызы Бибіғайша екеуі 6 бала тәрбиелеп өсірді. Бүгінде балаларының бәрі бір-бір жанұя. Ұлды ұяға, қызды қияға қондырды. Балаларының барлығы жоғары білімді, әр жерде қызмет етеді.

Нағашым 72 жасында өмірден өтті. Ол кісінің бізге жасаған қамқорлығын, көмегін ешқашан ұмытпаймыз. Нағашым тірі болғанда 8 наурызда 79 жасқа толар еді. “Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын” демекші, сондай ақ көңіл, қамқоршы адам еді. Мінезге бай, жаңалықтың жаршысы, отырған жердің думаны болатын. Құдайға шүкір бүгінде қара шаңырақта Қайрат пен Гүлмира отыр. Олар сол әке мен ананың берген тәрбиесі мен іздерін жалғастырып келеді. Бір өкініштісі нағашым шөберелерін көре алмай кетті. Шешеміз Бибіғайша немере мен шөберенің сүйікті әжесі атанды. Нағашымның ұрпақтары Айтбала мен Үмітжан ұлағатты ұстаздар, Құралай балабақшада тәрбиеші. Таңсық пен Алтын көп балалы ана. Қайраты жеке кәсіпкер. Немерелері Құрмет пен Қошмет аудан орталығындағы Ы.Алтынсарин мектебінде жұмыс істейді.

Нағашымның артындағы ұрпақтарына бейбіт заман, ұзақ ғұмыр тілейміз. Нағашымды сағына еске аламыз.

Марал Құрмашқызы.



Еске алу

Үңірек ауылының тумасы, асыл жар, ардақты әке, қимас бауыр **Құйқабаяв Қазбек Советұлының** фәниден бақиға озғанына наурыз айының 12-ші жұлдызында 1 жыл толады.

Отбасының ақылшысы, қорғаны және балаларының тірегі еді. Салиқалы да сабырлы мінезді, кең пейілді асыл жанды сағына еске аламыз. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын.

Өмір неткен қысқа еді ағып өтер қас қағым, Балаларың бар, бағындырар арманыңның асқарын. Сағынышпен еске аламыз сенің жарқын бейнеңді, Асыл жарың, бауырларың, балаларың, достарың.

Тағдыр ісі десек тағы мойынсұнып бағынып, Шіркін кейде, тарығамыз өзінді ойлап қамығып. Жетіспейді сенің орның төрегі, Туған-туыс, балаларың еске аламыз сағынып.

Еске алушылар: әкесі- **Совет**, аға-жеңгелері - **Оркен-Гүлнар, Руслан-Диана**, апа-жездесі- **Гүля-Қайрат**, жұбайы - **Марина**, балалары - **Біржан, Мира, Медина, Бауырлары, Жиендері.**

Марқұмның жылдық асы 12-ші наурыз күні сағат 13.00-де Үңірек ауылындағы мешітте беріледі.

Марқұмның жылдық асына туған-туыс, құда-жекжат, көрші-қолаң, достарың, ауыл-дастарды шақырамыз.

№0001

Еске алу

Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны болған, ата-анасының сүйікті қызы, балаларының аяулы анасы, асыл жар, қимас бауырымыз **Түсіпова Сауле Жанатқызының** өмірден озғанына 2-ші наурыз күні 1 жыл толады. Кең пейілді, жарқын жүзді аяулы анамыздың, асыл бауырымыздың жарқын бейнесін сағына еске аламыз. Жатқан жерің жайлы, пейіштің төрінен орын болсын. Әруағыңмен әрқашан балаларыңды желеп-жебей бер.

Еске алып сағынамыз әрқашан, Анамыздай жоқ қой бізге еш адам. Тағдырдың жазғанына көнеміз, Анамыз жоқ дегенге қалай ғана сенеміз.


Жұма сайын иман тілеп отырамыз біз саған, Жаратқан жалғыз ие Алладан. Жаратқанның жарқыраған нұры, Жақсылыққа кенелтсін асқақтаған.

Еске алушылар: әкесі - **Жанат**, анасы - **Шәрбат**, жолдасы - **Сапарғали**, балалары - **Жасұлан, Жастілек, Бауырлары.**

Марқұмның жылдық асы 11-ші наурыз күні Ақсу-Аюлы ауылындағы “Жанқұтты би” мешітінде сағат 13.00-де беріледі.

Асқа туған-туыс, құда-жекжат, көрші-қолаң, дос -жаранды шақырамыз.

№0001



ХАБАРЛАНДЫРУ

14. 09. 2015 жылы қайтыс болған Кабиева Миюа Кубаевнаның атына мұрагерлік іс ашылды. Осы іске қатысы бар мүдделі тұлғалар нотариус Б. Мұхановаға хабарласуға болады. Мекен жайы: Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Жезқазған көшесі, 17 үй.

№0001

15. 07. 2012 жылы қайтыс болған Сайфутдинов Абузар Шагитовичтің атына мұрагерлік іс ашылды. Осы іске қатысы бар мүдделі тұлғалар нотариус Г. Сұлтановаға хабарласуға болады. Мекен жайы: Шет ауданы, Ақадыр кенті, Абай даңғылы, 31 үй.

№0003

ЖАРАМСЫЗ ДЕП САНАЛСЫН

Турлауова Гульжан Серикболовнаның атына 2004 жылы Ш. Батталова мектебінен 11 сыныпты бітіргені жөнінде берілген аттестаты жоғалғандықтан жарамсыз деп саналсын.



ТЕЛЕБАҒДАРЛАМА 7-наурыздан 13-наурызға дейін

Table with columns for date (e.g., ДҮЙСЕНБІ, 7-наурыз), region (Қазақстан), and program details (time, title, channel).

Жеке сот орындаушылар – тиімгі институт

ҚОҒАМДА ҚҰҚЫҚТЫҚ САНА МЕН ЗАҢНЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРАДЫ

2015 жылғы 6 маусымдағы ҚР Үкіметі отырысында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев белгілеген міндетке орай, мемлекеттік қызметтегі сот орындаушыларды қысқартып, жеке сот орындаушылардың институтын дамыту «100 нақты қадам» жоспарын іске асыру болып табылатыны айрықша аталып өтті.

орындалу мерзімдері шегерілді, орындалу жеделдігі артты. Сондай-ақ, жағымды жағы – мемлекет иығынан қаржыландыру ауыртпалығының түсуі. Қаржыландыру ауыртпалығы толығымен борышкердың мойнында. Бұл сот актілерін өз еркімен орындауға ықпал етіп отыр.

ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА!

2016 жылдың 29 наурызында сағат 11.00-де «Шеткөмек» Кредиттік Серіктестігінің ЖШС-нің қатысушыларының жалпы жиналысы Ақсу-Аюлы ауылы, Жанқұтты би көшесі, №42 үйде өтеді.

- 1. «Аграрлық Несие Корпорациясы» АҚ-да кредиттік желісін 15 жыл мерзімге ашу, әрі қарай Серіктестіктің қатысушыларының 20 пайыз жылдық банкілік сыйақы мөлшерімен қаражаттандыру.
2. «Аграрлық несие Корпорациясы» АҚ алдындағы міндеттемелерді орындау үшін сотсыз құқықпен «Шеткөмек» Кредиттік Серіктестігі ЖШС мына мүліктерді кепілге қою туралы серіктестіктің қозғалмайтын мүлкі, офисі: Ақсу-Аюлы ауылы, Жанқұтты би №42 үй.
3. «Аграрлық Несие Корпорациясы» АҚ акцепсіз құқықпен Серіктестіктің «Цесна Банк» АҚ-ғы №6000852-12, 19.06.2012 жыл депозиттік шоттағы 15 500 000 тенге қаржыны алу туралы.
4. «Аграрлық Несие Корпорациясы» АҚ Қазақстан Республикасының Заңнамаларында белгіленген тәртіппен Серіктестіктің барлық жағдайлары бойынша ақпарат беруге келісімі туралы.
5. «Шеткөмек» Кредиттік Серіктестігі» ЖШС басқарма төрағасы Жұмкин Боранбай Исатайұлы негіздемелік келісімдерге, борыш шарттарына, кредиттік шарттарға кепіл шарттарына т.б қолданыстағы құжаттарға қол қоюға өкілеттік беру туралы.
6. «Шеткөмек» Кредиттік Серіктестігі» ЖШС ішкі нормативтік құжаттарын (ІНК) және ағымдағы мәселелерді бекіту туралы.

Жиналысқа Серіктестіктің қатысушылары қатысуы міндетті.

Серіктестіктің басқармасы.

КӨСПКЕРЛЕРДІҢ НАЗАРЫНА

2016 жылдың аудан көлемінде Көрнекі ақпарат пен сыртқы жарнамалардың орналасу және дұрыс ресімделуін бақылау мақсатында әр тоқсан сайын «Жарнамаға-сауаттылық» рейді өтетіндігін хабарлаймыз.

құжатын рәсімдеу үшін бөлімге алдын ала жарнама эскизін ұсыну қажет. Бөлімде көрнекі ақпарат пен сыртқы жарнамалардың, реквизиттердің мемлекеттік тілде дұрыс жазылуын қамтамасыз ету мақсатында тегін консультациялық көмек көрсететін «Жедел желі» (871031)21880; 87014009751) жұмыс істейтіндігін және сұраныстарыңызды мына эл.пошта kultotdel_shetsk@mail.ru арқылы да жолдауға болатындығын хабарлаймыз.

Шет ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ.

К СВЕДЕНИЮ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ

ГУ «Отдел культуры и развития языков Шетского района» сообщает, что на 2016 года запланированы ежеквартальные рейдовые осмотры визуальной информации, в том числе на вывесках объектов. В связи с этим обращаем ваше внимание на необходимость соблюдения законодательства. В частности, ст. 21 Закона Республики Казахстан «О языках в Республике Казахстан» и Закона Республики Казахстан «О рекламе».

ГУ «Отдел культуры и развития языков Шетского района».

Құттықтаймыз!

Өспен ауылының тұрғыны, қадірлі құдағиымыз **Мауқұлова Зиягүл Мұқатайқызын** наурыз айының 5-інде зейнеткерлік жасқа толатын туған күнімен құттықтаймыз.

Сізге осындай мерейлі күні шын көңілімізбен зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасына баянды бақыт тілейміз. Еңбегіңіздің тек зейнетін көріңіз. Біз тілейміз өзіңізге амандық, Кездеспесін жолыңызда жамандық. Алла берген бар нәсіпті теріңіз, Бар қызығын бұл өмірдің көріңіз.



Зор денсаулық біз тілейміз әрқашан, Жете бергін армандарға аңсаған. Өмірдің мәні болған ұрпағыңыз, Мол қуаныш сыйлай берсін әрқашан.

Ізгі тілекпен, құттықтаушылар: құда-құдағилары - **Рымқұл-Жазира, Рысқұл-Бақытқұл, Райымқұл-Зәмзәгүл**, балалары-**Дархан-Динара, Боранбай, Наурызбай, Сырымбай, Нұрымбай, Әмірқұл, Райана.**

№0005

Құттықтаймыз!



Құрметті Бағлан Мейрамұлы!

Сізді 6-шы наурыз күні 33 жасқа толатын туған күніңізбен құттықтаймыз.

Өзіңізге және отбасыңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, ырыс пен ынтымақ, бақыт пен береке тілейміз. Шығар шыңдарыңыз әрқашанда биік болғай.

Ізгілікті нұрын шашар маңайға, Істеріңіз үлгі болар талайға. Жақсылықты өзіңізден көп көрген, Ұмытпайды әріптестер қалайда.

Үлгі болған үлкенге де жасқа да, Сыйлар сізді туған туыс басқа да. Бақыты боп бұл өмірде мәңгілік, Қуатыңыз таусылмасын алда да.

Ігі тілекпен, құттықтаушылар:

Төменгі Қайрақты ауылдық округі әкімі аппараты қызметкерлері.

№0007

Құттықтаймыз!

Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны, аяулы анамыз, немерелерінің сүйікті әжесі **Мәтібек Жәмил Бекежанқызын** 12-ші наурыз күні 74 жасқа толатын туған күнімен және 8-наурыз халықаралық аналар күні мерекесімен құттықтаймыз.

Осы қуанышты күні Сізге деніңіздің саулығын, шаңыраққа ырыс байлығын тілейміз. Әрқашанда біздің қасымызда аман есен 100-ге келгенше жүре беріңіз. Бесігінде түн баласы тербеткен, Анашымның туған күні бұл көктем. Денің сау боп, аман болсын шаңырақ, Менің анам, әдемі едің сен неткен.



74-жасқа толған менің Анашым, Әлі күнге еркелеймін саған шын. Қартаймашы, мәңгі жас боп жүре бер, Бағып алда шөберенің баласын.

Ігі тілекпен, құттықтаушылар: **балалары, немерелері, шөберелері.**

№0005

Құттықтаймыз!

Қармыс ауылының тұрғыны, ардақты да аяулы жан **Сағындықова Жазира Әліқызын** 10-шы наурыз күні зейнеткерлік 58 жасқа толатын туған күнімен құттықтаймыз.

Сізге тілейтініміз-ұзақ өмір, зор денсаулық, бала-шаға, немере, туған-туысқанның ортасында еткен еңбектің тек зейнетін көріп, ұзақ жасай беріңіз. Талай күндер төккен термен өткен күн, Қуаныштың нәрі көктем сепкен күн. Талай жылдар тағылымы толысып, Еңбектен соң зейнет келіп жеткен күн.



Еленді еңбек қуанышты бөріміз, Зейнет жаспен құлпырады сәніңіз. Жалынды жас кейпін әлі сақтапсыз, Қуанышқа ортақ кіші-көріміз.

Құттықтаушылар: **Рысқұл-Бақытқұл, Райымқұл-Зәмзәгүл, Боранбай, Наурызбай, Сырымбай, Нұрымбай, Әмірқұл, Райана, Мадияр-Әйгерім, Арайлым, Мейіран.**

№0003

Құттықтаймыз!

Өспен ауылының тұрғыны, аяулы ана, қадірлі әріптесіміз **Мауқұлова Зиякүл Мұқатайқызын** 5-ші наурыз күні зейнеткерлік жас 58-ге келетін туған күнімен және 8-ші наурыз Аналар күні мерекесімен құттықтаймыз.

Осы қуанышты күні деніңізге саулық, жанұяңызға бақыт, немереніздің қызығын көріңіз.

Мекен етсін жанұянда жақсылық, Өсе берсін немерелер шат күліп. Ортаймасын қуанышын, қызығын, Әлдилесін жақсы тілек, тәтті үміт.



Ақ тілекпен, құттықтаушылар: **Сәкен жалпы орта білім беру мектебінің шаруашылық қызметкерлері**

№0003

Құттықтаймыз!

Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны, қадірлі досымыз **Нұрлан Ахановты** 5-ші наурызда 50 жасқа толатын мерейтойымен құттықтаймыз.

Досымызға зор денсаулық, мол бақыт, сарқылмас дәулет, ұзақ ғұмыр тілейміз.

Бала-шаға ортасында ойнап-күліп, Берсін Алла бір басына қайраттылық. Біз тілейміз шаттық пен жақсылықты, Жүре бер ортамызда жайнап, күліп.



Сарыаркадай көңілі дархан, Құрмет тұтады қашанда ортаң. Шаңырақта қызық үзілмей, Қуаныш әкелсін арайлы әр тан.

Құттықтаушылар: **Аманбол-Сәуле, Боранбай-Гүлжан, Мейрам-Бақытжан, Нұра-Гүля, Бекболат-Жанна, Қайрат-Гүлсара.**

№0008

Салауаттылық – өмір салты

ТАЗА СУ - ДЕНСАУЛЫҚҚА ПАЙДАЛЫ

Жақында салауаттылық өмір салтын насихаттау, жас ұрпақтың денсаулығын нығайту, оларды спортпен шұғылданауға баулу, оның ішінде әр адамның ағзасына қажетті таза су ішіп жүруді үйрету мақсатында аудан орталығындағы «Балдырған» балалар бақшасында «Судың таза-



сы- дерттің қазасы» тақырыбында іс шара өткізілді. Балабақшадағы «Қарлығаш» тобында өткізілген бұл шараға кішкентай бүлдіршіндер тартылғанын да тілге тиек етуге болады. Алғаш іс шарада сөз алған топтың тәрбиешісі К.Өубәкірова балаларға судың табиғаттағы орнын түсіндіре отырып, табиғатты сүйеге, қамқорлық жасау тұрғысында күнделікті таза су ішу денсаулыққа пайдалы екенін айтып өтіп, интерактивті тақта арқылы табиғаттың суреттерін көрсетті. Бұдан соң балабақша тәрбиеленушілері Шаттық шеңбер ойынын ойнап, тіршілік нәрі су жайында мақал-мәтелдер айтты. Бой сергіту кезеңі бойынша балалар судың өмірімізге пайдасы жағын да айтып, тамаша өлеңдер оқыды. Шара соңында әр бүлдіршін таза суды ластауға болмайтынын, ол қасиетті киелі зат екенін айтып, өз ой-пікірлерін білдірді.

Назгүл ТҮСПІХАНОВА, «Қарлығаш» тобының тәрбиешісі. «Балдырған» балабақшасы.

Құттықтаймыз!

Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны, асыл жар, сүйікті әже, аяулы анамыз **Маржан Жақыпбайқызын** 1-ші наурыз күні зейнеткерлік 58 жасқа және ата-әжесінің сүйікті немересі **Әннас Алдияр Бағдатұлын** 2 жасқа толған туған күнімен құттықтаймыз. Еңбегіңіз еленіп құрметті демалысқа шыққан қуанышты күніңіз құтты болсын! Еткен еңбегіңіз бен төккен теріңіз аз емес. Ендігі сол еңбектің зейнетін көріп, ауырмай-сырқамай немере, шөберенің ортасында аяулы әже деген атты иеленіп жүре беріңіз! Құрметті демалысыңыз 100 жасқа дейін ұлассын! Жапырағын жайған мәуелі бәйтеректей ұзақ ғұмыр тілейміз. Алдияр денің сау, жасың ұзақ болсын.



Таза жүрек, гүл-мінез, көңілі ақ, Қоңыпты басыңызға бағалы бақ. Зейнетіңіз зейнетін көретұғын, Құтты болсын осынау маңызды шақ.

Жан ана, жадырай бер, жаның гүлдеп, Балаларың келіп жатсын сағындым деп. Біз үшін түн ұйқыңды төртке белдің, Борыштармыз алдыңызда бөріміз де.

Ігі тілекпен құттықтаушылар: жолдасы- **Әннас**, балалары - **Алмат-Назерке, Бағдат-Диана, Әділжан-Салтанат, Мерей** және **немерелері.**

№0005

ҮЙ САТЫЛАДЫ

- Ақсу бөлімшесінде 4 бөлмелі үй сатылады. Үйге су құбыры тартылған.
- Қора-жайы, моншасы, гаражы бар.
- Трактор МТЗ-80 және КУН сатылады.
- Бағасы келісім бойынша.
- Үй телефоны: 31-5-00-54.
- Ұялы телефон: 8-777-758-48-66.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

- Ремонт холодильников, морозильных камер, витрин.
- Выезд в населенные пункты (Ағадыр, Актоғай) с гарантией.
- Сот телефон: 8-705-310-34-47.

№0007